


ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ Blu-ray диск™/DVD диск ойнатқышы

Жұмыс алдында осы құрылғы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және оны болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

BD650K/BD660K

P/NO : SAC35093912

Қауіпсіздік туралы ақпарат



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: ЭЛЕКТР ТОҒЫНЫҢ СОҒУ ҚАУІПІН АЗАЙТУ ҮШІН ҚАҚПАҒЫН (НЕМЕСЕ АРТҚЫ ЖАҒЫН), ПАЙДАЛАНУШЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТПЕЙТІН ІШКІ БӨЛІКТЕРІН АШПАҢЫЗ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ БІЛІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МАМАНДАРЫНА ТАПСЫРЫҢЫЗ.



Тең бұрышты үшбұрыш ішіндегі жебе белгісі бар осы жай жарқилы адамға электр тоғының соғу қаупі бар мәнде болуы мүмкін өнім қабы ішіндегі оқшауланбаған қауіпті кернеу бар екенін пайдаланушыға ескертуге арналған.



Тең бұрышты үшбұрыш ішіндегі леп белгісі өніммен бірге берілетін құжаттамада маңызды пайдалану және қызмет көрсету (жөндеу) нұсқаулары бар екенін пайдаланушыға ескертуге арналған.

ЕСКЕРТУ: ӨРТ НЕМЕСЕ ЭЛЕКТР ТОҒЫНЫҢ СОҒУЫН БОЛДЫРМАУ ҮШІН БҰЛ ӨНІМДІ ЖАҢБЫРЛЫ НЕМЕСЕ ЫЛҒАЛ ЖЕРДЕ ҚОЛДАНБАҢЫЗ.

ЕСКЕРТУ: Бұл жабдықты кітап сәресі немесе соған ұқсас сияқты шектеулі жерге орнатпаңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Желдетуге арналған саңылауларды жаппаңыз.

Өндірушінің нұсқаулығы бойынша орнатыңыз.

Корпустағы науалар мен тесіктері желдету үшін қарастырылған және өнімнің тұрақты іскерлігін және қызып кетуден сақтайды.

Өнім төсекке, диванға, кілем немесе басқа ұқсас беттерге қойылғанда тесіктері жабылып қалмауға тиіс. Өнімді еш уақытта кітап шкафы немесе сөре сияқты жерлерге дұрыс желдету қамтамасыз етілгенге дейін немесе өндірушінің нұсқауларына сәйкес келгенге дейін орнатпаңыз.



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Бұл өнім лазер жүйесін ұсынады. Осы өнімнің дұрыс қолданылғанына көз жеткізу үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, оны болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз. Құрылғыны жөндеу қажет болса, өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Осы құжатта көрсетілген іс рәсімдерінен басқа басқарулар, реттеулер немесе өнімділік іс рәсімдерін қолдану қауіпті радиоактивті сәулелге себеп болуы мүмкін. Сәуленің лазерден тікелей түсуін болдырмау үшін кедергіні ашуға тырыспаңыз. Ашық болған кезде лазер радиациясы көрінеді. СӘУЛЕГЕ ТІКЕ ҚАРАМАҢЫЗ.

Қуат сымы жөніндегі ЕСКЕРТУ

Көптеген құрылғыларды арнайы арнада орнату ұсынылады;

Демек, сол құрылғыға электр энергиясын беретін жалғыз розетка желісінде қосымша розеткалар немесе бөліп тұратын желі болмағаны. Сенімді болу үшін осы пайдаланушы нұсқаулығының техникалық сипаттамаларын тексеріңіз. Қабырға розеткасы шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз. Шамадан тыс жүктеме түскен розеткалар, дұрыс бекітілмеген немесе зақымдалған розеткалар, қосымша кабельдер, тозған қуат кабельдері немесе бүлінген изоляция қауіпті. Осы жағдайлардың кез келгені электр тоғының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін. Кезеңді түрде құрылғының кабелін тексеріңіз және онда зақым немесе бүліну болса, оны ажыратып, құрылғына пайдалануды тоқтатыңыз және рұқсат етілген қызмет көрсету орталығында кабельді дәл сондай кабельге ауыстырыңыз. Қуат кабелін бүгілу, оралу, қысу, есіктің жабылуы немесе үстінен өту сияқты физикалық немесе механикалық зақымнан қорғаңыз. Штепсель айырларына, қабырға розеткаларына және кабель құрылғыдан шығатын жерге әсіресе көңіл аударыңыз. Қуат көзін ажырату үшін электр сымының штепселін тартыңыз. Өнімді орнатқан кезде штепсельге қолдың оңай жететін тексеріңіз.

Бұл құрылғы ұтқыр батареямен немесе аккумулятормен қамтамасыз етілген.

Батареяны немесе жабдықтағы батареяны шығаруды қауіпсіз жолы: Ескі

батареяны немесе батарея бумасын алып тастаңыз, қадамдарды қондырудың теріс ретін бойынша орындаңыз. Жабдықтың ластануын және адамдар мен жануарлар денсаулығына болатын қауіпті болдырмау үшін ескі батареяны немесе батареяны арнайы жинайтын жерлердегі сәйкес контейнерге салыңыз. Батареяларды және батарея бумаларын әдепкі қоқыспен бірге лақтырмаңыз. Жергілікті қайта зарядталатын батарея жүйесін және аккумуляторларды пайдалануды ұсынамыз. Батареяны күн жарығының, оттың немесе сол сияқты қатты ыстықтың әсеріне ұшыратуға болмайды.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Құрылғыға су тигізбеу керек (төкпен немесе шашпау) және құрылғыға вазалар сияқты су толтырылған заттарды қоймау керек.

Авторлық құқықтар туралы ескертулер

- AACS (Advanced Access Content System) жүйесінің Blu-ray Disc пішіміне арналған мазмұнды қорғау жүйесі ретінде құпталғанына байланысты, DVD пішіміне арналған CSS (Content Scramble System) пайдалану сияқты, AACS қорғалған мазмұнын ойнатуға, оның аналогтық сигнал қуатына және т.б. кейбір шектеулер қойылады. Осы өнімді пайдалану және осы өнімге қойылатын шектеулер сатып алу уақытына қарай өзгеше болуы мүмкін, себебі осы өнімді шығарғаннан кейін ол шектеулерді AACS қабылдау және/немесе өзгертуі мүмкін.
- Бұған қоса, BD-ROM таңбасы және BD+ әріптері Blu-ray Disc пішіміне арналған мазмұнды қорғау жүйелері ретінде қосымша пайдаланылады, бұл BD-ROM таңбасына және/немесе BD+ қорғалған мазмұндарына кейбір шектеулерді, ойнату шектеуімен қоса, қояды. AACS, BD-ROM таңбасы, BD+ немесе осы өнімге қатысты қосымша мәлімет алу үшін өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- BD-ROM/DVD дисктердің біразы көшіруден қорғау мүмкіндігімен шифрланған. Осыған байланысты, ойнатқышты бейнемагнитофонға емес, тікелей теледидарға жалғау қажет. Бейнемагнитофонға жалғау көшіруге болмайтын дисктердегі суреттердің бұрмаланып көрсетілуіне әкелуі ықтимал.
- Бұл өнім АҚШ патенттерімен және басқа интеллектуалды меншік құқықтарымен қорғалған құқықтарды қорғау технологиясымен бірлескен. Құқықтарды қорғау технологиясын пайдалануға Rovi корпорациясы рұқсат беруі керек және ол Rovi корпорациясы басқаша рұқсат етпеген болса, ол тек үйге және басқа шектелген қарауға арналған. Кері инжиниринг жасауға немесе өнімді бөлшектеуге тыйым салынады.
- АҚШ пен Басқа елдердің авторлық құқықтарды қорғау заңдары бойынша теледидар бағдарламаларын, бейне таспаларды, BD-ROM дискілерді, DVD дискілерді, CD дискілерді және басқа материалды рұқсатсыз жазу, пайдалану,

көрсету, тарату немесе түзету азаматтық және/немесе қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін.

ТД түстік жүйелеріне арналған Маңызды ескертулер

Ағымдағы ойналып жатқан дисктеріне қарағанда осы ойнатқыштың түстік жүйесі басқаша.

Мысалы, ойнатқыш NTSC түстік жүйесінде жазылған дискті ойнатқанда, сурет NTSC сигнал ретінде көрсетіледі.

Тек бірнеше жүйелік түстік ТД ойнатқыштан көрсетілетін барлық сигналдарды қабылдай алады.

- Егер сізде PAL түсті жүйелі ТД болса, NTSC жүйесінде жазылған дисктерді пайдаланғанда бүлінген сурет көресіз.
- Бірнеше түсті жүйелі ТД түстік жүйесін автоматты түрде өзгертеді. Егер түстік жүйесі автоматты түрде өзгермей қалса, бейнеде әдепкі суретке ие болу үшін оны өшіріп қайта қосыңыз.
- NTSC түрлі-түсті жүйесінде жазылған диск теледидарда жақсы бейнеленіп тұрса да, оларды жазғышқа дұрыс жазу мүмкін болмайды.

Аймақтық код

Өнім аймақтық кодына ие және ол өнімнің жоғары жағында жазылған. Бұл құрылғы оның артқы жағында көрсетілгендей, BD-ROM немесе DVD дисктерін ғана немесе «БАРЛЫҚ» дисктерді ойната алады.

Жүйені таңдау (Қосымша)

Өнімнің ішінде диск болса оны шығарыңыз, (PAL, NTSC,AUTO) жүйесін таңдау үшін OPEN/CLOSE (▲) түймелерін пайдаланып, диск науасын ашыңыз, PAUSE (II) түймесін бес секундтан астам басып ұстап тұрыңыз.

Мазмұны

1 Бастау

- 3 Қауіпсіздік туралы ақпарат
- 5 – Аймақтық код
- 5 – Жүйені таңдау (Қосымша)
- 8 Кіріспе
- 8 – Осы нұсқаулықта пайдаланылатын ойнатылатын дискілер және таңбалар
- 9 – «Ø» символы көрінісі туралы
- 10 – Файл талабы
- 11 – AVCHD (анықтығы жоғары қосымша бейне фильм кодегі)
- 12 – DLNA туралы
- 12 – Белгілі бір жүйелік талаптар
- 12 – LG Remote (LG қашықтан басқару пульті)
- 12 – Сыйысымдылық ескерімдері
- 13 Қашықтан басқару пульті
- 14 Алдыңғы панель
- 14 Артқы панель

2 Қосылу

- 15 Теледидарға қосылу
- 15 – HDMI қосылымы
- 16 – SIMPLINK деген не?
- 16 – Бейне/аудио (сол/оң) қосылымы
- 16 – Ажыратымдылық параметрі
- 17 Күшейткішке қосылу
- 17 – Сандық мульти-арналы дыбыс туралы
- 18 – Күшейткішті HDMI шығыс арқылы қосу
- 18 – Сандық аудио шығыс арқылы күшейткішке қосылу
- 19 – 2 арналы аудио шығыс арқылы күшейткішке қосылу
- 19 Үй желісіне қосылу
- 19 – Сыммен жалғанатын желі қосылымы
- 20 – Сыммен жалғанатын желіні баптау
- 22 USB құрылғыны жалғау
- 22 – USB құрылғыдағы мазмұнды ойнату

3 Жүйенің параметрлері

- 23 Үндеткіш деңгейі параметрлерін баптау
- 23 – Орнату параметрлерін реттеу
- 23 – [DISPLAY] мәзірі
- 25 – [LANGUAGE] мәзірі
- 25 – [AUDIO] мәзірі
- 27 – [LOCK] мәзірі
- 27 – [NETWORK] мәзірі
- 28 – [OTHERS] мәзірі

4 Басқару

- 29 Жалпы ойнату
- 29 – [HOME] мәзірін пайдалану
- 29 – Дискіні ойнату
- 29 – Дискідегі/USB құрылғыдағы файлды ойнату
- 30 – Blu-ray 3D дискісін ойнату
- 30 – BD-Live™ пайдалану
- 31 – Желі серверіндегі файлды ойнату
- 32 – Бейне және аудио мазмұн үшін негізгі әрекеттер
- 32 – Фотосурет мазмұнымен негізгі әрекеттер
- 32 – Диск мәзірін пайдалану
- 32 – Ойнатуды жалғастыру
- 33 Қосымша ойнату мүмкіндіктері
- 33 – Ойнатуды қайталау
- 33 – Нақты бөлікті қайталау
- 33 – Ойнату кескінін үлкейту
- 34 – Маркерді іздеу
- 34 – Іздеу мәзірін пайдалану
- 35 – Мазмұн тізімінің көрінісін өзгерту
- 35 – Мазмұн мәліметін қарау
- 35 – Субтитрды таңдау
- 36 – Соңғы эпизодты сақтау
- 36 – Фотосуретті қарау кезіндегі опциялар
- 36 – Слайд көрсетілімі кезінде музыка тыңдау
- 37 Бейнебет дисплейі
- 37 – Мазмұн мәліметтерін бейнебетте көрсету
- 37 – Таңдалған уақыттан бастап ойнату
- 38 – Басқа дыбысты есту
- 38 – Субтитр тілін таңдау

- 38 – Басқа бір бұрыштан қарау
- 38 – ТД арақатынасын өзгерту
- 39 – Сурет режимін өзгерту
- 39 – Субтитр коды бетін өзгерту
- 40 Дыбыстық ықшам дискті жазу
- 41 Микрофонмен ән айту
- 41 NetCast™ Entertainment Access
пайдалану

5 Ақаулықтарды жою

- 42 Ақаулықтарды жою
- 42 – Жалпы
- 43 – Желі
- 43 – Сурет
- 44 – Дыбыс
- 44 – Тұтынушыларды қолдау
- 44 – Ашық дереккөзді бағдарламаға
қатысты хабарлама

6 Қосымша

- 45 Теледидарды қашықтан басқару
пультімен басқару
- 45 – Қашықтан басқару пультін
теледидарды басқаруға орнату
- 46 Желілік бағдарламаны жаңарту
- 46 – Желі жаңартымы туралы ескерту
- 46 – Бағдарламаны жаңарту
- 47 Nero MediaHome 4 Essentials
бағдарламасы туралы
- 47 – Nero MediaHome 4 Essentials
бағдарламасын орнату
- 48 – Файлдарды және қалталарды ортақ
пайдалану
- 49 Аймақ кодтарының тізімі
- 50 Тіл кодтарының тізімі
- 51 Сауда белгілер мен лицензиялар
- 52 Аудио шығыстың сипаттамалары
- 54 Сипаттамалар
- 55 Техникалық қызмет көрсету
- 55 – Құрылғыны пайдалану
- 55 – Дисктер туралы ескерімдер
- 56 Желілік қызметтерге қатысты маңызды
ақпарат

Кіріспе

Осы нұсқаулықта пайдаланылатын ойнатылатын дискілер және таңбалар

Медиа/шарт	Логотип	Таңба	Сипаттама
Blu-ray	  		- Фильмдер сияқты сатып алынатын немесе жалға берілетін дисктер. “Blu-ray 3D” дискілері және “TEK Blu-ray 3D” дискілері - BDAV пішімінде жазылған BD-R/RE дискілері.
		  	- Тақырыптары бар BD-R/RE дисктері, фильм, өлең немесе фотосурет файлдары. - ISO 9660+JOLIET, UDF және UDF Bridge пішімі
DVD-ROM DVD-R DVD-RW DVD+R DVD+RW (дискі 8 см, 12 см)	    		- Фильмдер сияқты сатып алынатын немесе жалға берілетін дисктер. - Фильм режимі және жетілдірілген режим - Сондай-ақ, екі жолды дискіні қолдайды
			Жетілдірілген AVCHD пішімі
		  	- Фильм, музыка немесе фотосурет файлдарын қамтитын DVD±R/RW дискілер. - ISO 9660+JOLIET, UDF және UDF Bridge пішімі
DVD-RW (VR) (дискі 8 см, 12 см)			VR режимі және жетілдірілген режим
Аудио CD (дискі 8 см, 12 см)			Аудио CD
CD-R/RW (дискі 8 см, 12 см)		  	- Тақырыптары бар CD-R/-RW дисктері, фильм, өлең немесе фотосурет файлдары. - ISO 9660+JOLIET, UDF және UDF Bridge пішімі
Ескерту	—		Арнайы ескерімдерді және операциялық функцияларды көрсетеді.
Абай болыңыз	—		Дұрыс пайдаланбайдан шығатын бұзылудың алдын алу үшін ескертпелерді бейнелейді.

! Ескерту

- Жазу жабдығының немесе CD-R/RW (немесе DVD±R/RW) дискісінің өзінің күйіне байланысты кейбір CD-R/RW (немесе DVD±R/RW) дискілерді құрылғыда ойнату мүмкін емес.
- Жазу бағдарламасына және аяқтауға байланысты кейбір жазылған дискілер (CD-R/RW, DVD±R/RW, BD-R/RE) ойнатылмауы мүмкін.
- Дербес компьютерді я болмаса DVD немесе CD жазғышты пайдаланып жазылған BD-R/RE, DVD±R/RW және CD-R/RW дискілер зақымдалған немесе лас болса я болмаса ойнатқыш линзасында конденсация бар болса, ойнатылмауы мүмкін.
- Дискіні дербес компьютерді пайдаланып жазсаңыз, тіпті ол сыйысымды пішімде жазылса да, дискіні жасау үшін пайдаланылған бағдарламаның параметрлеріне байланысты ол ойнатылмауы мүмкін жағдайлар бар. (Егжей-тегжейлі ақпаратты бағдарлама шығарушысынан алыңыз.)
- Бұл ойнатқыш оптималды ойнату сапасына жету үшін дискілердің және жазбалардың белгілі бір техникалық стандарттарға сай болуын талап етеді.
- Алдын ала жазылған DVD дискілер осы стандарттарға автоматты түрде орнатылады. Жазылатын диск пішімдерінің көп түрлері бар (соның ішінде, MP3 немесе WMA файлдарын қамтитын CD-R) және олар сыйысымды ойнатуды қамтамасыз ету үшін белгілі бір бар шарттарды қажет етеді.
- Тұтынушылар интернеттен MP3 / WMA файлдарды және музыканы жүктеу үшін рұқсат қажет екенін ескеруі керек. Біздің компанияда мұндай рұқсатты беруге құқығы жоқ. Рұқсатты әрқашан авторлық құқықтар иесінен алу керек.
- Қайта жазылатын дискілерді пішімдеген кезде оны LG ойнатқыштарымен сай ету үшін пішім опциясын [Mastered] опциясына орнату керек. Live жүйесі опциясын орнататын болсаңыз, оны LG ойнатқыштарында пайдалануға болмайды. (Mastered/Live файл жүйесі: Windows Vista жүйесі үшін арналған дискті пішімдеу жүйесі.

«Ø» символы көрінісі туралы

Өнім іске қосылғанда бейнебетте “Ø” белгісі пайда болуы мүмкін және ол осы пайдаланушы нұсқаулығында түсіндірілген функция қолжетімді емес екендігін білдіреді.

Файл талабы

Фильм файлдары

Файл Орын	Файл Кеңейтім	Кодек пішімі	Аудио пішімі	Субтитр
Диск, USB	“.divx”, “.avi”, “.mpg”, “.mpeg”, “.mkv”, “.mp4”, “.asf”, “.wmv”, “.m4v” (DRM жоқ)	DIVX3.xx, DIVX4.xx, DIVX5.xx, DIVX6.xx (Тек қалыпты ойнату үшін), XVID, MPEG1 SS, H.264/MPEG-4 AVC, MPEG2 PS, MPEG2 TS	Dolby Digital, DTS, MP3, WMA, AAC, AC3	SubRip (.srt / .txt), SAMI (.smi), SubStation Alpha (.ssa/.txt), MicroDVD (.sub/.txt), VobSub (.sub), SubViewer 1.0 (.sub), SubViewer 2.0 (.sub/.txt), TMPlayer (.txt), DVD Subtitle System (.txt)
DLNA, PC	“.avi”, “.divx”, “.mpg”, “.mpeg”, “.mkv”, “.mp4”	DIVX3.xx, DIVX4.xx, DIVX5.xx, DIVX6.xx (Тек қалыпты ойнату үшін), XVID, MPEG1 SS, H.264/MPEG-4 AVC, MPEG2 PS, MPEG2 TS	Dolby Digital, DTS, MP3, WMA, AAC, AC3	SubRip (.srt / .txt), SAMI (.smi), SubStation Alpha (.ssa/.txt), MicroDVD (.sub/.txt), SubViewer 1.0 (.sub), SubViewer 2.0 (.sub/.txt), TMPlayer (.txt), DVD Subtitle System (.txt)

Музыка файлдары

Файл Орын	Файл Кеңейтім	Тарату жиілігі	Дыбыс сапасы	Ескерту
Диск, USB, DLNA, PC	“.divx”, “.mp3”, “.wma”, “.wav”, “.m4a” (DRM жоқ)	32 - 48 кГц аралығында (WMA), 16 - 48 кГц аралығында (MP3)	32 - 192 кбит/с аралығында (WMA), 32 - 320 кбит/с аралығында (MP3)	Бұл ойнатқышта кейбір WAV файлдарына қолдау көрсетілмейді.

Фотосурет файлдары

Файл Орын	Файл Кеңейтім	Ұсынылған Өлшем	Ескерту
Диск, USB, DLNA, PC	“.jpg”, “.jpeg”, “.png”	4 000 x 3 000 x 24 бит/пиксельден азырақ 3 000 x 3 000 x 32 бит/пиксельден азырақ	Прогрессивтық және жоғалтусыз қысылған фотосурет файлдарын қолдамайды.

! Ескерту

- Файл атауы 180 таңбамен шектеледі.
- “WMV 9 codec” етіп кодталған “avi” файлын қолдамайды.
- Файлдардың өлшемі мен санына байланысты, мультимедианың мазмұнын оқуға бірнеше минут кетуі мүмкін.
- Серверге байланысты файл сыйысымдылығы әр түрлі болуы мүмкін.
- DLNA сервердегі сыйысымдылық жинақ DLNA сервері (Nero MediaHome 4 Essentials) ортасында тексерілетіндіктен, медиа серверлерге байланысты файл талаптары және ойнату функциялары өзгеріп отырады.
- бетіндегі файл талаптары әрқашан сыйысымды бола бермейді. Файл мүмкіндіктері және медиа сервер мүмкіндігінде кейбір шектеулер болуы мүмкін.
- Фильм субтитрі файлдарын ойнату тек осы ойнатық бумасында берілген Nero MediaHome 4 Essentials бағдарламасымен жасалған компьютердің немесе DLNA медиа сервердің ортақтасу қалтасында ғана қол жетімді.
- Медиа сервердегі USB жетері, DVD-дискісі, т.б. сияқты алынбалы медиа файлдары тиісті түрде ортақтастырылмауы мүмкін.
- Бұл құрылғы ID3 жазуы ендірілген MP3 файлды қолдамайды.
- Экранда көрсетілген аудио файлдың жалпы ойнату уақыты VBR файлдары үшін дұрыс емес болуы мүмкін.
- CD немесе USB 1.0/1.1 дисктердегі HD бейне фильмдер дұрыс ойналмауы да мүмкін. HD фильм файлдарын ойнату үшін Blu-ray Disc, DVD немесе USB 2.0 ұсынылады.
- Бұл ойнатқыш H.264/MPEG-4 AVC профайл Негізгі, Жоғары 4.1 Деңгейде қолдайды. Жоғары деңгейдегі файл үшін ескерту хабарлары көрсетіледі.
- Бұл ойнатқыш GMC^{*1} немесе Qpel^{*2} көмегімен жазылған файлды қолдамайды.

*1 GMC – Global Motion Compensation

*2 Qpel – Quarter pixel

! Ескерту

- у Бұл ойнатқыш UTF-8 файлдарын, оларда Юникод субтитр мазмұндары бар болғанда да, қолдайды. Бұл ойнатқыш нақты Юникод субтитрі бар файлдарды қолдай алмайды.
- у Файлдардың түрлеріне немесе жазып алудың әдістеріне байланысты, ол ойнатпауы мүмкін.
- у Әдеттегі компьютерде мульти сессия арқылы жазылған диск осы плейерде ойнатылмайды.
- у Бейне файлын ойнату үшін бейне файлының атауы және субтитр файлының атауы бірдей болуы қажет.
- у Егер видео кодек MPEG2 TS немесе MPEG2 PS болса, субтитр ойнатылмайды.
- у Экранда көрсетілген музыка файлының жалпы ойнату уақыты VBR файлдары үшін дұрыс емес болуы мүмкін.

AVCHD (анықтығы жоғары қосымша бейне фильм кодегі)

- Бұл ойнатқыш AVCHD пішіміндегі дисктерді ойната алады. Бұл дисктер әдетте бейне камераларда жазылып, пайдаланылады.
- AVCHD пішімі анықтығы жоғары, сандық бейне камера пішімі болып табылады.
- MPEG-4 AVC/H.264 пішімі суреттерді дәстүрлі кескінді сығымдау пішіміне қарағанда жоғарылау тиімділікпен сығымдай алады.
- Бұл ойнатқыш AVCHD дисктерін “x.v.Colour” пішімінің көмегімен ойната алады.
- Кейбір AVCHD пішіміндегі дисктер жазылу шартына қарай ойнатылмайды.
- AVCHD пішіміндегі дисктерде жазу сеансын аяқтау қажет.
- “x.v.Colour” пішімі қалыпты DVD бейне камера дисктеріне қарағанда түстердің кең ауқымын ұсынады.

DLNA туралы

Бұл ойнатқыш DLNA куәліктендірілген сандық медиа ойнатқыш. DLNA сыйысымды сандық медиа серверден (компьютер және тұрмыс электроникасы) фильм, фотосурет және музыка мазмұнын көрсете және ойната алады.

Digital Living Network Alliance (DLNA) – тұрмыс электроникасының, есептеу саласының және ұялы құрылғы компанияларының аралас салалы ұйымы. Digital Living тұтынушыларға сандық медианы үй желісі арқылы оңай бөлісу мүмкіндігін береді.

DLNA куәліктендіру логотипі DLNA өзара әрекеттесу нұсқауларына сай өнімдерді табуды оңай етеді. Бұл құрылғы DLNA өзара әрекеттесу нұсқауларына v1.5 сай келеді.

DLNA сервер бағдарламасы бар компьютер немесе басқа DLNA сыйысымды құрылғы осы ойнатқышқа қосылғанда, бағдарламаның немесе басқа құрылғылардың кейбір параметрлерін өзгерту қажет болуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін бағдарламамен немесе құрылғымен жұмыс істеу нұсқауларын қараңыз.

Белгілі бір жүйелік талаптар

Анықтығы жоғары бейне фильмді ойнату үшін:

- HDMI ұясы бар ажыратымдылығы жоғары экран.
- Анықтығы жоғары мазмұны бар BD-ROM диск.
- Кейбір мазмұн үшін (диск авторлары көрсететіндей) бейнебет құрылғысындағы HDMI немесе HDCP мүмкіндігі бар DVI кіріс ұяшығы қажет.

Dolby® Digital Plus, Dolby TrueHD және DTS-HD мульти-арналы аудио ойнату үшін:

- Ендірілген (Dolby Digital, Dolby Digital Plus, Dolby TrueHD, DTS немесе DTS-HD) декодері бар күшейткіш/қабылдағыш.
- Таңдалған пішім үшін қажет негізгі, орталық, кеңістікті дыбыс шығаратын үндеткіштер және сабвуфер.

Үй желісі арқылы компьютердің ортақтау қалтасындағы файлдарды ойнату үшін компьютерге төмендегілер қажет.

- Windows® XP (2 жаңарту бумасы немесе одан жоғары жаңарту бумасы), Windows Vista® (жаңарту бумасы қажет емес), Windows 7® (жаңарту бумасы қажет емес)
- 1,2 ГГц Intel® Pentium® III немесе AMD Sempron™ 2200+ процессорлары
- Желі: 100 Мб Ethernet, WLAN
- Компьютердің 1-ден көбірек қалтасын ортақтау керек. Файлдарды ортақтау параметрлері туралы қосымша ақпарат алу үшін амалдық жүйенің қолдау сілтемесіне кіріңіз.

LG Remote (LG қашықтан басқару пульті)

Бұл ойнатқышты iPhone немесе Android телефонының көмегімен үй желісі арқылы басқаруға болады. Бұл ойнатқыш пен телефон кіру нүктесі сияқты сымсыз желі құрылғысына қосылған болуы керек. «LG Remote» туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін «Apple iTunes» немесе «Google Apps Marketplace» торабына кіріңіз.


Ескерту

“LG Remote” функциясы Желілік бағдарламалық қамтуды 2011 жылдың бірінші жартысында жаңарту арқылы қолданылады. Осы қосымшаны қосу үшін ойнатқышты соңғы бағдарламалық қамтуды пайдаланып жаңартуды ұсынамыз. (46 бетті қараңыз.)


Сыйысымдылық ескерімдері

- BD-ROM пішімінің жаңа пішім болуына байланысты, диск, сандық байланыс және басқа сыйысымдылыққа қатысты мәселелер туындауы мүмкін. Сыйысымдылық мәселелеріне тап болсаңыз, өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Бұл құрылғы BONUSVIEW (BD-ROM version 2 Profile 1 version 1.1/ Final Standard Profile) қолдау көрсететін BD-ROM қызметі бар сурет ішіндегі сурет, қосымша дыбыс және виртуалды пакеттер сияқты функцияларды пайдалануға мүмкіндік береді. Қосымша бейне және дыбысты сурет ішіндегі сурет функциясы бар сыйысымды дисктен ойнатуға болады. Ойнату әдісін таңдау үшін дисктегі нұсқауларды қараңыз.
- Анықтығы жоғары мазмұнды қарау және стандартты DVD мазмұнын түрлендіру бейнебет құрылғысында HDMI мүмкіндігі бар кіріс ұяшығының немесе HDCP мүмкіндігі бар DVI кіріс ұяшығының болуын қажет етуі мүмкін.
- Кейбір BD-ROM және DVD дисктер кейбір жұмыс пәрмендерінің немесе мүмкіндіктерінің қолданысын шектеуі мүмкін.
- Құрылғының аудио шығысы үшін HDMI қосылымды пайдалансаңыз, максималды 7,1 арнасы бар Dolby TrueHD, Dolby Digital Plus және DTS-HD пішімдеріне қолдау көрсетіледі.
- Кейбір дискке қатысты мәліметті, оның ішінде интернеттен алынған мазмұнды сақтау үшін қолданылатын USB құрылғыны пайдалануға болады. Пайдаланатын диск осы мәліметтің қаншалықты ұзақ сақталатынын басқарады.

Қашықтан басқару пульті



Батареяны орнату



Қашықтан басқару пультінің артқы жағындағы батарея қақпағын алыңыз да, екі R03 (AAA өлшемді) батареяны **+** және **-** жақтарын дәл келтіріп салыңыз.

.....**1**.....

⏻ (POWER): Құрылғыны қосады немесе өшіреді.

⬆️ (OPEN/CLOSE): Диск наусын ашып жабады.

0-9 сандық түймешіктері:

Мәзірде нөмірленген параметрлерді таңдайды немесе пернетақта мәзірінде әріптерді енгізеді.

CLEAR: Кілтсөз орнату кезінде іздеу мәзіріндегі белгіні немесе нөмірді алып тастайды.

REPEAT (↺): Қажетті бөлікті немесе жолды қайталайды.

.....**2**.....

⏮️/⏭️ (SCAN): Алдыға немесе артқа қарай іздейді.

⏮️/⏭️ (SKIP): Келесі немесе бұрынғы тарауға / трекке / файлға өтеді.

■ (STOP): Ойнатуды тоқтатады.

▶️ (PLAY): Ойнатуды бастайды.

⏸️ (PAUSE): Ойнатуды кідіртеді.

.....**3**.....

HOME (🏠): [Home Menu] опциясын шақырады немесе одан шығады.

SEARCH: Іздеу мәзірін көрсетеді немесе одан шығады.

INFO/DISPLAY (ℹ️): Бейнебет мәзіріне кіреді немесе шығады.

Бағыт түймешіктері: Мәзірдегі опцияны таңдайды.

ENTER (⊙): Мәзірдегі таңдауды растайды.

BACK (↶): Мәзірден шығады немесе ойнатуды жалғастырады. BD-ROM дискісіне байланысты ойнатуды жалғастыру функциясы жұмыс істемейді мүмкін.

TITLE/POP-UP: Бар болса, DVD тақырып мәзірін немесе BD-ROM қалқымалы мәзірді шығарады.

DISC MENU: Дисктегі мәзірге кіреді.

.....**4**.....

Түрлі-түсті (R, G, Y, B)

түймешіктер: BD-ROM мәзірлерін шарлау үшін пайдаланыңыз. Сондай-ақ, олар [MOVIE], [PHOTO], [MUSIC] және [NetCast] мәзірінде пайдаланылады.


MARKER: Ойнату барысында кез келген нүктені белгілейді.

*** :** Түймешік ешбір функция үшін қолжетімді емес.

ZOOM: [Zoom] мәзірін көрсетеді немесе одан шығады.

Теледидарды басқару түймешіктері: 45 бетін қараңыз.

Алдыңғы панель



1 (MIC.1/MIC.2) ұяшық қосқыштары

* Теледидардың үлгісіне қарай, теледидар мен құрылғы тікелей жалғанған кезде микрофоннан шығатын караоке дыбысы кешеуілдеуі мүмкін, сондықтан микрофонмен караоке айту үшін күшейткіші бар құрылғыны жалғаңыз.

2 Микрофонның дыбыс деңгейін бақылау (VOL.-/+)

3 Диск науасы

4 Бейнелеу терезесі

5 Қашықтық сенсоры

6 ▲ (OPEN/CLOSE)


7 ►|| (PLAY / PAUSE)

8 ■ (STOP)

9 ⏻ (POWER) түймешігі

10 USB порт

Артқы панель



1 Айнымалы ток қуатының сымы

2 VIDEO OUT

3 2CH AUDIO OUT (сол/оң)

4 HDMI OUT

5 DIGITAL AUDIO OUT (OPTICAL)

6 Жергілікті желі порты

Теледидарға қосылу

Берілген жабдықтың мүмкіндігіне қарай, келесі қосылымдардың біреуін жасаңыз.


- HDMI қосылымы (15 бет)
- Бейне қосылым (16 бет)

! Ескерту

- Теледидарға және қосу керек басқа жабдыққа байланысты ойнатқышты қосудың әр түрлі жолдары бар. Осы нұсқаулықта сипатталған қосылымдардың біреуін ғана пайдаланыңыз.
- Дұрыс қосылым жарату үшін қажет болғанда ТД және басқа қосылған құрылғылардың нұсқаулықтарына қараңыз.
- Ойнатқыштың AUDIO OUT ұяшығын аудио жүйенің фоно кіріс ұяшығына (ойнатқыш) қоспаңыз.
- Ойнатқышты бейнемагнитофон арқылы қоспаңыз. Суретті көшіруден қорғау жүйесі бұрмалауы мүмкін.

HDMI қосылымы

HDMI теледидарыңыз немесе мониториыңыз болса, HDMI кабельді пайдаланып оны осы ойнатқышқа қоса аласыз (A түрі, High Speed HDMI™ Cable). Ойнатқыштағы HDMI ұяшығын HDMI үйлесімді теледидарда немесе мониторда орналасқан HDMI ұяшығымен жалғаңыз.



Теледидардың дереккөзін HDMI етіп орнатыңыз (теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

HDMI туралы қосымша ақпарат

- HDMI or DVI сыйысымды құрылғыны қосқан кезде, келесіні тексеріңіз:
 - HDMI/DVI және осы бұйымды өшіріп көріңіз. Содан соң, HDMI/DVI құрылғысын қосып, оны 30 секундтан астам уақытқа қалдырыңыз, содан соң осы бұйымды қосыңыз.
 - Қосылған құрылғының бейне кіріс осы құрылғыға дұрыс орнатылған.
 - Қосылған құрылғы 720x576p, 1280x720p, 1920x1080i немесе 1920x1080p бейне кірісімен сыйысымды болады.
- Барлық HDCP-үйлесімді HDMI немесе DVI құрылғылары осы ойнатқышпен жұмыс істей алмайды.
 - HDCP-емес құрылғысымен қосылғанда жақсы көрсетпейді.

- Бұл ойнатқыш ойнатпайды және теледидар экраны қара экранға ауысады.

❗ Ескерту

- Егер қосылған HDMI құрылғы ойнатқыштың аудио шығысын қабылдамаса, HDMI құрылғының аудио дыбысы бұрмалануы немесе шықпауы мүмкін.
- HDMI қосылымды пайдаланғанда, HDMI шығыс үшін ажыратымдылықты өзгертуге болады. (17 бетіндегі «Ажыратымдылық параметрі» мақаласын қараңыз)
- [Setup] мәзіріндегі [HDMI Color Setting] опциясын пайдаланып HDMI OUT ұяшығындағы бейне шығыс түрін таңдаңыз (24 бетін қараңыз).
- Қосылым орнатылғанда ажыратымдылықты өзгерту ақаулықтарға әкелуі мүмкін. Ақаулықты шешу үшін құрылғыны өшіріп, қайтадан қосыңыз.
- HDCP бар HDMI қосылым тексерілмегенде, теледидар бейнебеті қара бейнебетке өзгертіледі. Бұл жағдайда, HDMI қосылымды тексеріңіз немесе HDMI кабельді ажыратыңыз.
- Егер бейнебетте шулар немесе жолақтар болса, HDMI кабельді тексеріңіз (ұзындық әдетте 4,5 м-мен (15 фут) шектеледі).

SIMPLINK деген не?



Осы құрылғы мен SIMPLINK мүмкіндігі бар LG теледидары HDMI қосылымы арқылы жалғанған кезде, осы құрылғының кейбір функцияларын теледидардың қашықтан басқару пультімен басқаруға болады.

LG теледидарының қашықтан басқару пульті арқылы басқаруға болатын функциялар; ойнату, кідірту, іздеу, секіріп өту, тоқтату, қуатты өшіру және т.б.

SIMPLINK функциясына қатысты мәлімет алу үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.


SIMPLINK функциясы бар LG теледидарында жоғарыда көрсетілген логотип болады.

❗ Ескерту

Диск түріне немесе ойнату күйіне байланысты кейбір SIMPLINK әрекеттері мақсаттан өзгешеленуі немесе жұмыс істемеуі мүмкін.

Бейне/аудио (сол/оң) қосылымы

Бейне кабельді пайдаланып ойнатқыштағы VIDEO OUT ұяшығын теледидардағы бейне кіріс ұяшығына қосыңыз. Аудио кабельдерді пайдаланып ойнатқыштың сол және оң AUDIO OUT ұяшықтарын теледидардағы сол және оң IN ұяшықтарына қосыңыз.




Ажыратымдылық параметрі

HDMI OUT және COMPONENT VIDEO OUT ұяшықтарына бірнеше шығыс ажыратымдылықтарын қамтамасыз етеді. Кеңейтімдерді [Setup] мәзірінде өзгертуге болады.

1. HOME (🏠) түймешігін басыңыз.
2. </> пайдаланып [Setup] мәзірін таңдаңыз да, ENTER (⏻) түймешігін басыңыз. [Setup] мәзірі пайда болады.

3. Δ / ∇ түймешігін пайдаланып [DISPLAY] опциясын таңдаңыз, содан кейін екінші деңгейге өту үшін $\triangleright$ пернесін басыңыз.
4. Δ / ∇ түймешігін пайдаланып [Resolution] опциясын таңдаңыз содан кейін үшінші деңгейге өту үшін ENTER (Ⓢ) түймешігін басыңыз.



5. Δ / ∇ түймешігін пайдаланып қалаған ажыратымдылықты таңдаңыз, содан кейін таңдауды растау үшін ENTER (Ⓢ) түймешігін басыңыз.

! Ескерту

- Егер теледидар ойнатқышта орнатылған ажыратылымдықты қабылдамаса, ажыратылымдықты төмендегідей (не 576p) етіп орнатуға болады:
 1. Диск науасын ашу үшін $\blacktriangle$ түймешігін басыңыз.
 2. $\blacksquare$ (STOP) түймешігін 5 секундтан аса басыңыз.
- HDMI қосылымы кезінде шешімді 576i етіп орнатқан кезде шы.арылатын нақты шешім 576p болады.
- Егер ажыратымдылықты қолмен таңдап, HDMI ұяшығын теледидарға жалғасаңыз және теледидар оны қабылдамаса, ажыратымдылық параметрі [Auto] деп орнатылған.
- Егер сіздің ТД қолдамайтын өлшемді таңдайтын болсаңыз ескерту хабары пайда болады. Өлшемі өзгертілген соң, егер бейнебет көрінбейтін болса, 20 секунд күте тұрыңыз, өлшем автоматты түрде бұрынғы өлшемге қайтады.
- 1080p бейне шығыс сигналының кадры жылдамдығын қосылған теледидар мүмкіндігі мен қалауына және BD-ROM дисктегі мазмұнның бастапқы бейне кадр жылдамдығына қарай 24 Гц немесе 50 Гц деп автоматты түрде орнатылуы мүмкін.
- VIDEO OUT ұяшығының ажыратымдылығы әрқашан 576i ажыратымдылығы түрінде шығарылады.

Күшейткішке қосылу

Берілген жабдықтың мүмкіндігіне қарай, келесі қосылымдардың біреуін жасаңыз.

- HDMI аудио қосылымы (18 бет)
- Сандық аудио қосылым (18 беті)
- 2CH аналогтық аудио қосылым (19 беті)


Аудио шығыстың түріне көп факторлар әсер ететіндіктен, егжей-тегжейлерді «Аудио шығыстың сипаттамалары» мақаласын қараңыз (52 беттері).

Сандық мульти-арналы дыбыс туралы

Сандық мульти-арналы қосылым ең жақсы дыбыс сапасын қамтамасыз етеді. Бұл үшін ойнатқыш қолдайтын бір немесе бірнеше аудио пішімдерді қолдайтын мульти-арналы аудио-бейне қабылдағышты қажет етеді. Аудио/бейне қабылдағыштың алдындағы және нұсқаулықтағы логотиптерді тексеріңіз. (PCM стерео, PCM Multi-Ch, Dolby Digital, Dolby Digital Plus, Dolby TrueHD, DTS және/немесе DTS-HD)

Күшейткішті HDMI шығыс арқылы қосу

HDMI кабельді пайдаланып ойнатқыштың HDMI OUT ұяшығын күшейткіштегі сәйкес кіріс ұяшығына қосыңыз.




Күшейткіште HDMI шығыс ұяшығы болса, HDMI кабельді пайдаланып күшейткіштің HDMI шығыс ұяшығын теледидардағы HDMI кіріс ұяшығына қосыңыз.

Ойнатқыштың сандық шығысын іске қосу қажет болады. (25 беттеріндегі “[AUDIO] мәзірі” мақаласын қараңыз.)

Сандық аудио шығыс арқылы күшейткішке қосылу


Қосымша сандық аудио кабельді пайдаланып ойнатқыштың DIGITAL AUDIO OUT ұяшығын күшейткіштегі сәйкес кіріс ұяшығына (OPTICAL) қосыңыз.



Ойнатқыштың сандық шығысын іске қосу қажет болады. (25 беттеріндегі “[AUDIO] мәзірі” мақаласын қараңыз.)

2 арналы аудио шығыс арқылы күшейткішке қосылу

Аудио кабельдерді пайдаланып ойнатқыштағы сол және оң 2CH AUDIO OUT ұяшықтарды күшейткіш, қабылдағыш немесе стерео жүйедегі сол және оң кіріс ұяшықтарына қосыңыз.



Үй желісіне қосылу

Бұл ойнатқышты артқы панеліндегі LAN порты арқылы жергілікті желіге (LAN) жалғауға болады.

Құрылғыны кең жолақты үй желісіне қосу арқылы бағдарлама жаңартымдары, BD-Live интерактивті және желідегі мазмұн қызметтер сияқты қызметтерге қатынаса аласыз.

Сыммен жалғанатын желі қосылымы


Сымды желіні пайдалану ең жақсы өнімділікті береді, өйткені бекітілген құрылғылар тікелей желіге бекітіледі және оған радио жиілік кедергісі әсер етпейді.

Қосымша нұсқаулар алу үшін желі құрылғысының құжаттамасын қараңыз.

Ойнатқыштың жергілікті желі портын модем немесе бағыттағыштағы тиісті портқа бөлек сатып алуға болатын LAN немесе Ethernet кабелі арқылы жалғаңыз.

Ескерту

- LAN кабелін қосқанда немесе ажыратқанда, кабельдің штепсель бөлігін ұстаңыз. Ажыратқанда, LAN кабельден тартпаңыз, ал құлыпқа басып тұрып ажыратыңыз.
- LAN портына модульдік телефон кабелін қоспаңыз.
- Әр түрлі қосылым конфигурациялары бар болғандықтан, телекоммуникация немесе интернет қызметі провайдерінің сипаттамаларын орындаңыз.
- Егер компьютерлердегі немесе DLNA серверлердегі мазмұнға қатынасқыңыз келсе, бұл ойнатқышты дәл солардың жергілікті аймақ желісіне бағыттағыш арқылы қосу керек.




Сыммен жалғанатын желіні баптау

Сыммен жалғанатын жергілікті желіде (LAN) DHCP сервері бар болса, бұл ойнатқышқа IP мекенжайы автоматты түрде беріледі. Қосылымды физикалық түрде жасағаннан кейін, үй желілерінің кейбіреуі ойнатқыштың желі орнатымын өзгертуді қажет етуі мүмкін. [NETWORK] параметрін келесідей лайықтаңыз.


Дайындалу

Сыммен жалғанатын желіні баптаудан бұрын, кең жолақты интернетті үй желісіне қосу қажет.

1. [Setup] мәзірінде [Connection Setting] опциясын таңдаңыз, содан кейін ENTER (⏏) түймешігін басыңыз.




2. Жалғастыру үшін [Yes] таңдаңыз да, ENTER (⏏) басыңыз. Жаңа қосылым параметрлері ағымдағы желі параметрлерін ысырады.
3. ^ / V / < / > түймешіктерін пайдаланып [Dynamic] және [Static] арасындағы IP режимді таңдаңыз. Әдетте, IP мекенжайды автоматты түрде беру үшін [Dynamic] режимін таңдауға болады.



Ескерту

Егер желіде DHCP сервер жоқ болса және IP мекенжайды қолмен орнатқыңыз келсе, [Static] параметрін таңдаңыз, содан кейін ^ / V / < / > түймешіктерін және сандық түймешіктерді пайдаланып [IP Address], [Subnet Mask], [Gateway] және [DNS Server] орнатыңыз. Егер нөмірді енгізу кезінде қателік жіберсеңіз, бөлектелген бөлікті тазалау үшін CLEAR түймешігін басыңыз.

4. Желі параметрлерін қолдану үшін [OK] таңдаңыз да, ENTER (⏏) түймешігін басыңыз.
5. Ойнатқыш желі қосылымын тексеруді сұрайды. Желі қосылымын аяқтау үшін [OK] таңдаңыз да, ENTER (⏏) түймешігін басыңыз.
6. Жоғарыдағы 5-қадамда [Test] пәрменін таңдап, ENTER (⏏) түймешігін бассаңыз, бейнебетте желі қосылымының күйі көрсетіледі. Сондай-ақ, мұны [Setup] мәзіріндегі [Connection Status] арқылы сынауға болады.



Желілік байланысқа қатысты ескерімдер:

- Баптау кезіндегі көптеген желілік байланыс ақауларын бағыттағышты немесе модемді бастапқы қалпына келтіру арқылы жоюға болады. Ойнатқышты үй желісіне жалғағаннан кейін, дереу қуат көзін өшіріңіз және/немесе үй желісі бағыттағышының немесе кабельді модемінің қуат сымын ажыратыңыз. Содан кейін, оны қосыңыз және/немесе қуат сымын қайта жалғаңыз.
- Интернет қызметінің провайдеріне (ISP) қарай, интернет қызметін қабылдай алатын құрылғылардың саны тиісті қызмет көрсету шарттарына байланысты шектеулі болуы мүмкін. Мәлімет алу үшін интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз.
- Біздің компания кең жолақты интернет байланысына немесе өзге жалғанған жабдыққа қатысы бар байланыс қателері/ақауларына байланысты болған ойнатқыштың және/немесе интернет байланысы мүмкіндігінің ақауына жауап бермейді.
- Интернет байланысы мүмкіндігі арқылы ұсынылған BD-ROM дисктердің мүмкіндіктері біздің компания тарапынан жасалмаған немесе ұсынылмаған және біздің компания олардың жұмыс жасайтындығына немесе үздіксіз ұсынылатынына жауап бермейді. Интернет байланысы арқылы алуға болатын дискке қатысты кейбір материал осы ойнатқышпен сыйысымды болмауы мүмкін. Осындай мазмұн туралы сұрақтарыңыз бар болса, дисктің өндірушісіне хабарласыңыз.
- Интернеттегі кейбір мазмұн одан да жоғары кең жолақты байланысты қажет етуі мүмкін.
- Ойнатқыш дұрыс жалғанған және теңшелген болса да, интернеттегі кейбір мазмұн интернет байланысының шамадан тыс қолданылуы, интернет қызметінің сапасына немесе жолағының көлеміне немесе мазмұн провайдерінің ақауларына қарай дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін.


- Интернет байланысына қатысты кейбір амалдарды орындау кең жолақты интернет байланысын ұсынып отырған интернет қызметінің провайдері (ISP) қойған белгілі бір шектеулерге байланысты мүмкін болмайды.
- ISP тарапынан талап етілген қандай да бір ақы, еш шектеусіз, байланыс орнатуға кеткен шығынды қоса, сіздің жауапкершілігіңіз болып табылады.
- Осы ойнатқыштағы сымды байланыс үшін 10 Base-T немесе 100 Base-TX жергілікті желі порты қажет. Егер интернет қызметі осындай байланыс жүргізуге рұқсат бермесе, ойнатқышты жалғау мүмкін болмайды.
- xDSL қызметін пайдалану үшін бағыттағышты қолдану қажет.
- DSL қызметін пайдалану үшін DSL модем, ал кабельді модем қызметін пайдалану үшін кабельді модем қажет. Интернет қызметінің провайдері ұсынған қатынасу әдісі және жазылым келісіміне қарай, осы ойнатқыштағы интернет байланысы мүмкіндігін пайдалана алмауыңыз немесе бір мезетте жалғауға болатын құрылғылар санына қатысты шектеу астында қалуыңыз мүмкін. (Егер интернет қызметінің провайдері жазылымды бір құрылғымен шектесе, бұл ойнатқышты компьютер жалғаулы тұрғанда қосуға рұқсат берілмеуі мүмкін)
- «Бағыттағышты» пайдалануға рұқсат берілмеуі немесе оны пайдалану интернет қызметінің провайдері қойған қағидаларға және шектеулерге қарай шектелуі мүмкін. Мәлімет алу үшін тіке интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз.

USB құрылғыны жалғау

Бұл ойнатқыш USB құрылғыдағы фильм, әуен және фотосурет файлдарын ойната алады.

USB құрылғыдағы мазмұнды ойнату


1. USB құрылғыны USB портындағы орнына кіргенше итеріңіз.б.



USB құрылғысын HOME мәзірінде жалғаған кезде, ойнатқыш USB сақтау құрылғысында жазылған сазды файлды автоматты түрде ойнатады. Егер USB сақтау құрылғысында әр түрлі файлдар болса, файл түрін таңдауға арналған мәзір пайда болады.

USB сақтау құрылғысында сақталған мазмұнның мөлшеріне қарай, файлды қотаруға бірнеше минут кетуі мүмкін. Жүктеуді тоқтату үшін [Cancel] таңдап, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

2. HOME (🏠) түймешігін басыңыз.
3. </> пайдаланып [Movie], [Photo] немесе [Music] параметрін таңдап, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.
4. Λ / V пайдаланып [USB] опциясын таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.



5. Файлды ойнату үшін Λ / V / </>

түймешіктерін пайдаланып файлды таңдаңыз да, PLAY немесе ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

6. Содан кейін USB құрылғысын абайлап алып шығыңыз.

! Ескерту


- Бұл ойнатқыш файлдарға (музыка, фотосурет, фильм) қатынасқанда FAT16, FAT32 және NTFS файлдық жүйесінде пішімделген USB флеш дискісін/сыртқы HDD дискісін қолдайды. Бірақ, BD-Live және дыбыстық ықшам дискті жазу үшін тек FAT16 және FAT32 пішімдеріне қолдау көрсетіледі. BD-Live және дыбыстық ықшам дискті жазуда пайдаланғанда FAT16 немесе FAT32 ретінде пішімделген USB флеш дискісін/сыртқы HDD дискісін пайдаланыңыз.
- USB құрылғы BD-Live дискілерін интернеттен көру үшін жергілікті сақтау үшін пайдаланылады.
- Бұл құрылғы USB құрылғының 4-ге дейін бөлімдерді қолдайды.
- Жұмыс (ойнату, т.б.) кезінде USB құрылғыны шығарып алмаңыз.
- Компьютерге қосқанда қосымша бағдарламаны орнатуды қажет ететін USB құрылғыға қолдау көрсетілмейді.
- USB құрылғы: USB1.1 және USB2.0 қолдайтын USB құрылғы.
- Фильм, музыка және фотосурет файлдарын ойнатуға болады. Әр файлдағы әрекеттердің егжей-тегжейлерін алу үшін тиісті беттерді қараңыз.
- Деректерді жоғалтуды болдырмау үшін тұрақты сақтық көшірме жасау ұсынылады.
- Егер сіз USB ұзартқыш сымын немесе USB хабын немесе USB мульти-ридер пайдалансаңыз, USB құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Кейбір USB құрылғылар осы құрылғымен жұмыс істемеуі мүмкін.
- Сандық камераға және ұялы телефонға қолдау көрсетілмейді.
- Құрылғының USB портын компьютерге қосу мүмкін емес. Бұл құрылғыны сақтау құрылғысы ретінде пайдалану мүмкін емес.

Үндеткіш деңгейі параметрлерін баптау


Орнату параметрлерін реттеу

Ойнатқыштың параметрлерін [Setup] мәзірінде өзгертуге болады.

1. HOME (🏠) түймешігін басыңыз.



2. </> пайдаланып [Setup] мәзірін пайдаланып, ENTER (⏻) түймешігін басыңыз. [Setup] мәзірі пайда болады.



3. Λ / V түймешігін пайдаланып бірінші орнату опциясын таңдаңыз да, екінші деңгейге өту үшін > түймешігін басыңыз.



4. Λ / V түймешігін пайдаланып екінші орнату опциясын таңдаңыз да, үшінші деңгейге өту үшін ENTER (⏻) түймешігін басыңыз.



5. Λ / V түймешігін пайдаланып қалаған параметрді таңдаңыз да, таңдауды растау үшін ENTER (⏻) түймешігін басыңыз.

[DISPLAY] мәзірі

TV Aspect Ratio

Монитордың түріне байланысты ТД бейнебет өлшемдерін таңдаңыз.

[4:3 Letter Box]

Стандартты 4:3 ТД қосылған кезде таңдаңыз. Суреттің жоғарысында және астында тұмшалаушы жолақтары бар театрлық кескіндерді көрсетеді.

[4:3 Pan Scan]

Стандартты 4:3 ТД қосылған кезде таңдаңыз. Теледидар бейнебетіне сыю үшін қиылған суреттерді көрсетеді. Суреттің екі жағы да кесіледі.

[16:9 Original]

Өлшемі 16:9 монитормы қосылғанда таңдаңыз. 4:3 өлшемді сурет бастапқы 4:3 арақатынасымен, сол және оң жақтарында қара жолақтарымен бірге көрсетіледі.

[16:9 Full]

Өлшемі 16:9 монитормы қосылғанда таңдаңыз. 4:3 өлшемді сурет бейнебетте толық көрсетілуі үшін көлденең түрде (бір сызық бойындағы пропорцияда) реттеледі.

! Ескерту

[4:3 Letter Box] және [4:3 Pan Scan] опциясын ажыратымдылық 720p жоғарырақ орнатылғанда таңдай алмайсыз.

Resolution

Құрамдас және HDMI бейне сигналының шығыс ажыратымдылығын орнатады. Ажыратымдылық параметрі туралы егжей-тегжейлер алу үшін 16 беттерін қараңыз.

[Auto]

(EDID) бейне ақпаратын беретін HDMI OUT ұяшығы теледидарға қосылған болса, теледидарға ең лайықты ажыратымдылықты автоматты түрде таңдайды.

[1080p]

Прогрессивті бейненің 1080 сызығын береді.

[1080i]

Өзара қабысқан бейненің 1080 сызығын береді.

[720p]

Прогрессивті бейненің 720 сызығын береді.

[576p]

Прогрессивті бейненің 576 сызығын береді.

[576i]

Өзара қабысқан бейненің 576 сызығын береді.

1080p Display Mode

Ажыратымдылық 1080p күйіне орнатылған кезде, 1080p/ 24 Hz кіріс сигналымен сыйысымды HDMI мүмкіндігімен жабдықталған дисплейі бар фильм материалының (1080p/ 24 /Hz) іркіліссіз көрсетілуі үшін [24 Hz] күйін таңдаңыз.



Ескерту

- [24 Hz] таңдағанда, бейне бейне және фильм материалын ауыстырғанда бірақ сурет бұрмалануы орын алуы мүмкін. Бұл жағдайда, [50 Hz] таңдаңыз.
- Tippi [1080p Display Mode] [24 Hz] деп орнатылса да, теледидарыңыз 1080p/24 Hz сыйысымды емес болса, бейне көзінің пішіміне сәйкестендіру үшін бейне шығысының нақты кадрлер жиілігі 50 Гц болады.

HDMI Color Setting

HDMI OUT ұяшығынан шығатын шығыс сигналының түрін таңдаңыз. Осы орнатым үшін дисплей құрылғысындағы нұсқаулықтарды қараңыз.

[YCbCr]

HDMI дисплей құрылғысына қосылып жатқанда таңдаңыз.

[RGB]

DVI дисплей құрылғысына қосылып жатқанда таңдаңыз.

3D Mode

Blu-ray 3D дискісін ойнату үшін шығару түрін таңдаңыз.

[Off]

Blu-ray 3D дискісін ойнату қарапайым BD-ROM дискісін ойнату сияқты 2D режим шығуын береді.

[On]

Blu-ray 3D дискісі BD-ROM дискісін ойнату сияқты 3D режимі ретінде ойнатылады.

Wallpaper

Бастапқы бейнебеттің өңін өзгертеді.

[LANGUAGE] мәзірі

Display Menu

[Setup] мәзірі мен экран дисплейі үшін тілді таңдаңыз.

Disc Menu/Disc Audio/ Disc Subtitle

Аудио трек (аудио диск), субмәтіндер және диск мәзірі үшін қалаған тілді таңдаңыз.

[Original]

Диск жазылған бастапқы тілде көрсетіледі.

[Other]

Басқа тілді таңдау үшін ENTER (Ⓢ) түймешігін басыңыз. Сандық түймешіктерді пайдаланып, содан кейін ENTER (Ⓢ) түймешігін басып, 50 бетінде тіл кодтарының тізіміне сәйкес 4-сандық нөмірді енгізіңіз.

[Off] (Тек диск субтитрі үшін)

Субтитрді өшіреді.



Ескерту

Дискке байланысты тіл параметрі жұмыс істемеуі мүмкін.

[AUDIO] мәзірі

Әр дискінің әр түрлі аудио шығыс опциялары бар. Ойнатқыштың аудио опцияларын пайдаланылатын аудио жүйенің түріне сәйкес орнатыңыз.



Ескерту

Аудио шығыстың түріне көп факторлар әсер ететіндіктен, егжей-тегжейлерді 52 бетіндегі «Аудио шығыстың сипаттамалары» мақаласын қараңыз.

HDMI / Digital Output (SPDIF)

[PCM Stereo]

Осы құрылғының HDMI OUT немесе DIGITAL AUDIO OUT ұяшығын екі арналы сандық стерео декодері бар құрылғыға қосасыз ба, соны таңдаңыз.

[PCM Multi-Ch] (HDMI ғана)

Осы құрылғының HDMI OUT ұяшығын мульти-арналы сандық декодерге қосасыз ба, соны таңдаңыз.

[DTS Re-Encode]

Осы құрылғының HDMI OUT немесе DIGITAL AUDIO OUT ұяшығын DTS декодері бар құрылғыға қосасыз ба, соны таңдаңыз.

[Primary Pass-Thru]

Осы құрылғының DIGITAL AUDIO OUT және HDMI OUT ұяшығын LPCM, Dolby Digital, Dolby Digital Plus, Dolby TrueHD, DTS және DTS-HD декодері бар құрылғыға қосасыз ба, соны таңдаңыз.



Ескерту

- [HDMI] опциясы [PCM Multi-Ch] деп орнатылса, EDID бар HDMI құрылғы үшін PCM мульти-арна мәліметтері анықталмаса, аудио PCM стерео ретінде шығарылуы мүмкін.
- Егер [HDMI] немесе [Digital Output (SPDIF)] опциялары [DTS re-encode] орнатылғанда, DTS Re encode дауысы BD-ROM дискілері екінші дауыс арқылы шығарылады және бастапқы дауыс басқа дискілер үшін шығарылады ([Primary Pass-Thru] сияқты).

Sampling Freq. (Digital Audio Output)

[192 kHz]

Мұны A/V қабылдағыш немесе күшейткіш 192 кГц сигналдарды өңдей алса таңдаңыз.

[96 kHz]

Мұны A/V қабылдағыш немесе күшейткіш 192 кГц сигналдарды өңдей алса таңдаңыз. Бұл таңдау жасалғанда, бұл құрылғы автоматты түрде кез келген 192 кГц сигналдарды 96 кГц сигналдарға түрлендіреді, осылайша жүйе оларды дешифрлай алады.

[48 kHz]

Мұны A/V қабылдағыш немесе күшейткіш 192 кГц және 96 кГц сигналдарды өңдей алса таңдаңыз. Бұл таңдау жасалғанда, автоматты түрде кез келген 192 кГц және 96 кГц сигналдарды 48 кГц сигналдарға түрлендіреді, осылайша жүйе оларды дешифрлай алады.

Мүмкіндіктепін көру үшін A/V қабылдағыштың немесе күшейткіштің құжаттамасын тексеріңіз.

DRC (Динамикалық ауқымды бақылау)

Бұл функция бейнефильмді дауыс сапасын жоғалтпай төмен деңгейде тыңдауға мүмкіндік береді.

[Off]

Функцияны өшіреді.

[On]

Dolby Digital, Dolby Digital Plus or Dolby TrueHD аудио шығысының динамикалық диапазонын қысқартыңыз.

[Auto]

Dolby TrueHD аудио шығысының динамикалық диапазоны өз-өзінен анықталады. Сондай-ақ, Dolby Digital және Dolby Digital Plus [On] режимі сияқты бапталады.

! Ескерту

DRC параметрлерін тек диск енгізілмегенде немесе бұйым толық тоқтатылғанда өзгертуге болады.

DTS Neo:6

Егер ойнатқыш HDMI қосылымы арқылы бірнеше каналды Аудио құрылғысына қосылған болса, 2-каналды аудио қайнар көзі бар бірнеше каналды орта дыбысына ие болу үшін осы опцияны орнатыңыз.

[Off]

Стерео дыбысты алдыңғы зорайтқыштар арқылы шығарады.

[Music]

Музыка тыңдауға оңтайландырылған бірнеше каналды дыбыстар шығарады.

[Cinema]

Бейнефильмді көруге оңтайландырылған бірнеше каналды дыбыстар шығарады.

! Ескерту

- Бұл мүмкіндік онлайн қызметінде қол жетімді емес.
- Осы функция үшін жиілігі 48 кГц кем аудио қайнар көзі ғана қол жетімді.
- Бұл функция [HDMI] опциясы [PCM Multi-Ch] тармағына орнатылғанда ғана қол жетімді болады.

[LOCK] мәзірі

[LOCK] параметрлері тек Blu-ray және DVD жаңғыртылуына әсер етеді.

[LOCK] параметрлеріндегі кез келген мүмкіндіктерге қатынасу үшін жасалған 4-сандық қауіпсіздік кодын енгізіңіз. Құпиясөзді әлі енгізбеген болсаңыз, енгізу сұралады. Жаңа құпия сөзді жасау үшін 4-сандық құпия сөзді екі рет енгізіңіз де, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

Password

Құпия сөзді жасауға немесе өзгертуге болады.

[None]

Жаңа құпия сөзді жасау үшін 4-сандық құпия сөзді екі рет енгізіңіз де, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

[Change]

Ағымдағы құпия сөзді енгізіңіз де, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз. Жаңа құпия сөзді жасау үшін 4-сандық құпия сөзді екі рет енгізіңіз де, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

Құпия сөзді ұмытсаңыз

Құпия сөзді ұмытсаңыз, оны келесі кадамдарды пайдаланып тазалауға болады:

1. Ойнатқышта болуы мүмкін кез келген дискіні алыңыз.
2. [Setup] мәзірінде [Password] опциясын таңдаңыз.
3. «210499» санын енгізу үшін сандық түймешіктерді пайдаланыңыз. Құпия сөз тазаланады.



Ескерту

Егер сіз ENTER (⊙) түймешігін баспай тұрып қате жіберсеңіз, CLEAR (ТАЗАЛАУ) түймешігін басыңыз. Содан соң дұрыс құпия сөзді енгізіңіз.

DVD Rating

Мазмұнына қарай бағаланған DVD дисктердің ойналуына тосқауыл қояды. (Дисктердің барлығы бағаланбайды.)

[Rating 1-8]

(1) бағасында шектеулердің саны ең көп және (8) бағасында шектеулердің саны ең төмен болады.

[Unlock]

[Unlock] опциясын таңдасаңыз, басты бақылау таңдалмайды және диск толық ойнатылады.

Blu-ray Disc rating

BD-ROM дисктің ойнатылуы үшін жас шектеуін орнатады. BD-ROM дискті қарау үшін жас шегін орнату үшін сан түймешіктерін пайдаланыңыз.

[255]

Барлық BD-ROM дисктерін ойнатуға болады.

[0-254]

Тиісті рейтингтері жазылған BD-ROM дисктерін ойнатуға тыйым салады.



Ескерту

Кеңейтілген Жылдамдық Бақылауын қамтитын [Blu-ray Disc rating] тек Blu-ray Disc дискі үшін қолданады.

Area Code

49 бетте берілген тізім негізінде, DVD бейне дискті бағалауға арналған стандарттары қолданылған аймақтың кодын енгізіңіз.

[NETWORK] мәзірі

Бағдарламаны жаңарту, BD-Live және желідегі мазмұн қызметтерін пайдалану үшін [NETWORK] параметрлері қажет.

Connection Setting

Егер үйдегі желі ортасы ойнатқышқа жалғау үшін дайын болса, желі байланысы үшін ойнатқышты желі қосылымына баптау қажет. (19-ші беттегі “Үй желісіне қосылу” тақырыбын қараңыз.)

Connection Status

Егер ойнатқыштағы желі күйін тексергіңіз келсе, желі және интернетпен байланыстың орнаған-орнамағанын тексеру үшін [Connection Status] опцияларын таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

BD-LIVE connection

BD-Live функциялары пайдаланылған кезде, интернетке қатынасу мүмкіндігін шектеуге болады.

[Permitted]

Интернетке қатынасу мүмкіндігі барлық BD-Live мазмұны үшін рұқсат етілген.

[Partially permitted]

Интернетке қатынасу мүмкіндігі мазмұн иесінің сертификаттары бар BD-Live мазмұны үшін ғана рұқсат етілген. Интернетке қатынасу мүмкіндігі және AACs желі функциялары сертификаты жоқ барлық BD-Live мазмұны үшін тыйым салынған.

[Partially permitted]

Интернетке қатынасу мүмкіндігі мазмұн иесінің сертификаттары бар BD-Live мазмұны үшін ғана рұқсат етілген. Интернетке қатынасу мүмкіндігі және AACs желі функциялары сертификаты жоқ барлық BD-Live мазмұны үшін тыйым салынған.

NetCast

[Country Setting]

[NetCast] мүмкіндігінде тиісті қызметтерді және мазмұнды көрсету аймағын таңдаңыз.

[OTHERS] мәзірі

DivX® VOD

DIVX VIDEO ТУРАЛЫ: DivX® - DivX, Inc. компаниясымен жаратылған сандық бейне пішім. Файлдарыңызды DivX бейне пішіміне айналдыру туралы қосымша ақпарат және бағдарламалық құралдар алу үшін www.divx.com торабына кіріңіз. Файлдарыңызды DivX пішіміне аудару туралы қосымша ақпарат алу үшін және бағдарламалық құралдар үшін www.divx.com торабына өтіңіз. DIVX VIDEO-ON-DEMAND ТУРАЛЫ: Сатып алынған DivX Video-on-Demand (VOD) фильмдерді ойнату үшін DivX Certified® тіркелуге тиісті. Тіркелу кодын алу үшін орнату мәзірінде DivX VOD бөліміне өтіңіз. Тіркеуді аяқтау туралы қосымша ақпарат алу үшін vod.divx.com торабына кіріңіз. Тіркеу кодын жасау үшін DivX VOD бөлімін құрылғының орнату мәзіріне орналастырыңыз. Тіркеуді орындау туралы қосымша ақпарат алу үшін vod.divx.com торабына өтіңіз.

[Register]

Ойнатқыштың тіркеу кодын бейнебетке шығарады.

[Deregister]

Ойнатқышты сөндіріңіз де, ажырату кодын бейнебетке шығарыңыз.



Ескерту

Осы ойнатылғыштың тіркеу кодының көмегімен DivX VOD торабынан жүктелген барлық бейнелер осы құрылғыда ғана ойнатыла алады.

Auto Power Off

Бейнебет қорғауыш сіз құрылғыны тоқтату режимінде бес минуттай уақыт қалдырған кезде пайда болады. Егер осы параметрді [On] күйге орнатсаңыз, құрылғы Бейнебет қорғауышы 20 минут бойы көрсетілгеннен кейін автоматты түрде өшіріледі. Қолданушы құрылғыны пайдаланып жатқан кезде бейнебет қорғаушысынан шығу үшін осы параметрді [Off] күйіне қойыңыз.

Initialize

[Factory Set]

Ойнатқышты бастапқы зауыттық орнатымына келтіруге болады.

[Blu-ray Storage Clear]

Жалғанған USB сақтау құрылғысынан алынатын BD-Live мазмұнын инициализациялайды.



Ескерту

Егер [Factory Set] пайдаланып, ойнатқыштың бастапқы зауыттық мәндерін орнатсаңыз, онлайн қызметтері мен желілік параметрлерді түгелдей қайтадан орнату керек болады.

Software

[Information]

Ағымдағы бағдарлама нұсқасын көрсетеді.

[Update]

Бағдарламаны жаңарту серверімен тікелей байланыс орнату арқылы бағдарламаны жаңартуға болады (46 бетті қараңыз).


Disclaimer Notice

56-бетіндегі Желі қызметінің қабылдамау хабарламасын көру үшін ENTER (Ⓢ) түймешігін басыңыз.

Жалпы ойнату

[HOME] мәзірін пайдалану

Басты мәзір HOME (🏠) түймешігін басқанда пайда болады. </> түймешіктерін пайдаланып санатты таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.



1	[Movie] - Бейне мазмұнды ойнатады.
2	[Photo] - Фотосурет мазмұнын ойнатады.
3	[Music] - Аудио мазмұнды ойнатады.
4	[NetCast] - NetCast Home қолжеткізу.
5	[Setup] - Жүйе параметрлерін реттейді.

Дискіні ойнату

BD DVD ACD

1. ▲ (OPEN/CLOSE) түймешігін басып, дискіні диск науасына орналастырыңыз.
2. Диск науасын жабу үшін ▲ (OPEN/CLOSE) түймешігін басыңыз. Дыбыстық ықшам дискілердің, BD-ROM және DVD-ROM дискілердің көпшілігі үшін ойнату автоматты түрде басталады.
3. HOME (🏠) түймешігін басыңыз.
4. [Movie] немесе [Music] опциясын </> пайдаланып таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.
5. [Blu-ray Disc], [DVD], [VR] немесе [Audio] опциясын ∧ / V түймешігін пайдаланып таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

! Ескерту

Диск құрылғыға орнатылып, қуат ҚОСУЛЫ тұрғанда жаңғырту автоматты түрде басталмайды.

! Ескерту

- Бұл нұсқаулықта сипатталған функциялар барлық файлдарда және медиада әрқашан қол жетімді бола бермейді. Көп факторларға байланысты кейбір функциялар шектелуі мүмкін.
- BD-ROM тақырыптарына байланысты, тиісті түрде ойнату үшін USB құрылғы қосылымы қажет болуы мүмкін.
- Аяқталмаған DVD VR пішімді дискілерді бұл ойнатқышта ойнату мүмкін емес.
- DVD RECORDER құрылғысы кейбір DVD-VR дисктерді CPRM деректерімен бірге жасайды. Бұл құрылғы мұндай диск түрлерін қолдамайды.

Дискідегі/USB құрылғыдағы файлды ойнату

MOVIE MUSIC PHOTO

Бұл ойнатқыш USB құрылғыдағы фильм, әуен және фотосурет файлдарын ойната алады.

1. Науаға деректер дискісін салыңыз немесе USB құрылғыны қосыңыз. (USB құрылғысын орнатқан кезде USB опциясының мәзірі [Movie], [Photo] немесе [Music] таңдау үшін пайда болады.)
2. [Movie], [Photo] немесе [Music] опциясын </> пайдаланып таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.
3. [Data] немесе [USB] опциясын ∧ / V түймешігін пайдаланып таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.
4. Файлды ойнату үшін ∧ / V / </> түймешіктерін пайдаланып файлды таңдаңыз да, ►(PLAY) немесе ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

Blu-ray 3D дискісін ойнату

BD

Бұл ойнатқыш сол және оң көз үшін бөлек көріністерді қамтитын Blu-ray үш өлшемді дискілерді ойната алады.

Дайындалу

Стереоскопик 3D режимінде Blu-ray 3D тақырыбын ойнату үшін келесі шарттар орындалу қажет:

- Теледидарыңыз 3D сыйысымды екенін және HDMI 1,4 кіріс(тер)і бар екенін тексеріңіз.
- Қажет болса, 3D тәжірибені пайдалану үшін 3D көзілдірік киіңіз.
- BD-ROM тақырыбы Blu-ray 3D диск екеніне көз жеткізіңіз.
- Ойнатқыштың HDMI шығысы мен теледидардың HDMI кірісі арасында HDMI кабельді (A түрі, High Speed HDMI™ Cable) жалғаңыз.

1. HOME (🏠) түймесін басып, [Setup] мәзірінде [3D Mode] опциясын [On] етіп орнатыңыз (24 бет).
2. ▲ (OPEN/CLOSE) түймешігін басып, дискті диск тартпасына орнатыңыз.
3. Диск науасын жабу үшін ▲ (OPEN/CLOSE) түймешігін басыңыз. Ойнату автоматты түрде басталады.
4. Қосымша нұсқаулықтар алу үшін 3D-дайын ТД нұсқаулығына қараңыз. Жақсартылған 3D әсерлеріне ие болу үшін бейнебеттің параметрлерін баптап және көбірек ТД параметрлерін пайдаланғыңыз келуі мүмкін.

⚠ Абай болыңыз

- 3D мазмұндарды ұзақ уақыт көру бас айналуға не шаршауға алып келуі мүмкін.
- Өлсіз адамдарға, балаларға және жүкті әйелдерге бейнефильмді 3D режимде емес әдепкі режимде көру ұсынылады.
- 3D ақпаратты көргенде басыңыз ауырса, шаршасаңыз немесе басыңыз айналса, ойнатуды тоқтату және жақсы сезінгенше демалу қатаң түрде ұсынылады.

BD-Live™ пайдалану

BD

Желі кеңейтімі функциясы бар BD-LIVE (BD-ROM 2 нұсқасы 2 профилі) қолдайтын BD-ROM қызметі осы құрылғыны интернетке қосу арқылы жаңа фильм трейлерін қотару сияқты қосымша функцияларды пайдалануға мүмкіндік береді.

1. Желілік байланысты және параметрлерді тексеріңіз (19 беті).
2. USB сақтау құрылғысын алдыңғы панельдері USB портына салыңыз. Қосымша мазмұнды интернеттен алу үшін USB сақтау құрылғысы қажет.
3. HOME (🏠) түймесін басып, [Setup] мәзірінде [BD-LIVE connection] опциясын [On] етіп орнатыңыз (30 бет). [BD-LIVE connection] опциясы [Partially Permitted] күйіне орнатылған болса, BD-Live функциясы дискіге байланысты істемейі мүмкін.

4. BD-Live функциясы бар BD-ROM дискті салыңыз.

Амалдар дискке қарай өзгеше болып келеді. Дискпен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз.

⚠ Абай болыңыз

Мазмұн жүктеліп жатқанда немесе Blu-ray диск әлі де диск науасында болғанда, қосылған USB құрылғысын ажыратпаңыз. Бұлай істеу қосылған USB құрылғыны зақымдауы мүмкін және BD-Live мүмкіндіктері зақымдалған USB құрылғыда бұдан былай дұрыс жұмыс істемейі мүмкін. Егер қосылған USB құрылғы осындай әрекеттен зақымдалған болып көрінсе, қосылған USB құрылғыны компьютерде пішімдеуге және оны ойнатқышпен қайта пайдалануға болады.

⚠ Ескерту


- Мазмұн провайдерінің өз шешімі бойынша кейбір аймақтарда кейбір BD-Live мазмұндарына қатынасу шектелуі мүмкін.
- BD-Live мазмұнын жүктеуге және пайдалана бастауға бірнеше минутқа дейін кетуі мүмкін.

Желі серверіндегі файлды ойнату

MOVIE MUSIC PHOTO

Бұл ойнатқыш үй желісі арқылы тек компьютерде немесе DLNA серверінде орналасқан фильм, музыка және фотосурет файлдарын ойната алады.

1. Желі қосылымын және параметрлерді тексеріңіз (19 бет).
2. HOME (🏠) түймешігін басыңыз.
3. [Movie], [Photo] немесе [Music] опциясын </> пайдаланып таңдаңыз да, ENTER (⏏) түймешігін басыңыз.
4. DLNA медиа серверін немесе компьютердегі ортақтасу қалтасын $\wedge / \vee$ түймешігін пайдаланып таңдаңыз да, ENTER (⏏) түймешігін басыңыз.



Бар медиа серверді қайта іздеу қажет болса, жасыл (G) түсті түймешікті басыңыз.

5. Файлды ойнату үшін файлды $\wedge / \vee / < / >$ түймешіктерін пайдаланып таңдаңыз да, ENTER (⏏) түймешігін басыңыз.

! Ескерту

- 10 Файл талаптары бетінде сипатталған.
- Ойнатылмайтын файлдардың нобайы көрсетілуі мүмкін, бірақ оларды бұл ойнатқышта ойнату мүмкін емес.
- Субтитр файлының атауы және фильм файлының атауы бірдеу болуы және олар бір қалтада орналасқан болуы керек.
- Ойнату және жұмыс істеу сапасына үй желісінің күйі әсер етуі мүмкін.
- Сервер ортасына байланысты сізде қосылым мәселелері болуы мүмкін.

Желі пайдаланушысының ID (идентификаторын) және құпия сөзін енгізу

Сақталған қалталарға қолжеткізу үшін ДК жабдықталуына байланысты желі пайдаланушысының ID (идентификаторын) және құпиясөзді енгізу қажет болуы мүмкін.

1. Егер желі пайдаланушысының ID атауы мен құпиясөзі қажет болса, пернетақта мәзірі автоматты түрде пайда болады.
 2. $\wedge / \vee / < / >$ түймешіктерін пайдаланып таңбаны таңдаңыз да, виртуалды пернетақтадағы таңдауды растау үшін ENTER (⏏) түймешігін басыңыз.
- Екпін белгісі бар әріпті енгізу үшін INFO/DISPLAY (ⓘ) түймешігін басыңыз да, кеңейтілген таңбалар жиынын көрсетіңіз.



[Cancel] – Барлық енгізілген таңбаларды тазалайды.

[Space] – Меңзер орнында бос орынды кірістіреді.

[<-] – Меңзер орналасқан жердегі алдыңғы таңбаны өшіреді.

[ABC / abc / #+ =&] – Пернетақта мәзірінің параметрлерін бас әріптер, кіші әріптер немесе таңбаларға өзгертеді.

3. Желі пайдаланушысының ID мен құпиясөзін енгізілгеннен кейін $\wedge / \vee / < / >$ пайдаланып, [OK] таңдаңыз және қалтаға қолжеткізу үшін ENTER (⏏) басыңыз.

Қалтаға қатынасқаннан кейін, сізге ыңғайлы болуы үшін желі пайдаланушысының ID және құпия сөзі есте сақталады. Желі пайдаланушысының ID мен құпия сөзінің есте сақталуы қажет болмаса, қалтаға қатынасу алдында [Remember] құсбелгісін алу үшін қызыл (R) түсті түймешікті басыңыз.

Бейне және аудио мазмұн үшін негізгі әрекеттер

Ойнатуды тоқтату үшін

Ойнату кезінде ■ (STOP) түймешігін басыңыз.

Ойнатуды кідірту үшін

Ойнату кезінде II (PAUSE) түймешігін басыңыз.

Ойнатуды жалғастыру үшін ► (PLAY) түймешігін басыңыз.

Кадр бойынша ойнату үшін (бейне)

Фильмді ойнату кезінде II (PAUSE) түймешігін басыңыз.

Кадр бойынша ойнату үшін II (PAUSE) түймешігін қайта-қайта басыңыз.

Алға қарай немесе артқа қарай іздеу үшін

Алға не артқа жылдам ойнату үшін ойнату кезінде ◀◀ немесе ▶▶ түймешігін басыңыз.

Әр түрлі ойнату жылдамдықтарын ◀◀ немесе ▶▶ түймешігін қайта-қайта басу арқылы өзгертуге болады.

Ойнату жылдамдығын баяулату үшін

Баяу әрекеттің түрлі жылдамдықтарымен ойнату үшін ойнату тоқтатылғанда бірнеше рет ►► түймесін басыңыз.

Келесі/алдыңғы фотосуретке секіріп өту үшін тарау/трек/файл

Ойнату кезінде келесі тарауға/трекке/файлға өтіп кету үшін немесе ағымдағы тараудың/тректің/файлдың басына қайту үшін I◀◀ немесе ▶▶I түймешігін басыңыз.

Алдыңғы тарауға/трекке/файлға оралу үшін I◀◀ түймешігін екі рет басыңыз.

Сервердің файлдар тізімі мәзірінде бір қалтада көп мазмұн түрлері болуы мүмкін. Бұл жағдайда, бірдей түрі бар алдыңғы немесе келесі мазмұнға өту үшін I◀◀ немесе ▶▶I түймешігін басыңыз.

Фотосурет мазмұнымен негізгі әрекеттер

Слайд көрсетілімін ойнату үшін

Слайд көрсетілімін бастау үшін ► (PLAY) түймешігін басыңыз.

Слайд көрсетілімін тоқтату үшін

Слайд көрсетілімі кезінде ■ (STOP) түймешігін басыңыз.

Слайд көрсетілімін кідірту үшін

Слайд көрсетілімін кезінде II (PAUSE) түймешігін басыңыз.

Слайд көрсетілімін қайта бастау үшін ► (PLAY) түймешігін басыңыз.

Келесі/алдыңғы фотосуретке секіріп өту үшін

Фотосуретті толық бейнебетте көргенде, алдыңғы немесе келесі фотосуретке өту үшін < немесе > түймешігін басыңыз.

Диск мәзірін пайдалану

BD DVD AVCHD

Диск мәзірін шығару үшін

Мәзірі бар дискті салғаннан кейін, алдымен мәзір бейнебеті шығуы мүмкін. Ойнату кезінде диск мәзірін көрстеу қажет болса, DISC MENU түймешігін басыңыз.

Мәзір элементтерін шарлау үшін ▲/▼/◀/▶ түймешіктерін пайдаланыңыз.

Қалқымалы мәзірді шығару үшін

Кейбір BD-ROM дискілер ойнату кезінде шығатын қалқымалы мәзірді қамтуы мүмкін.

Ойнату кезінде TITLE/POPUP түймешігін басып, мәзір элементтерін шарлау үшін ▲/▼/◀/▶ түймешіктерін пайдаланыңыз.

Ойнатуды жалғастыру

BD DVD AVCHD MOVIE ACD MUSIC

Құрылғы дискінің қандай болуына қарай, ■ (STOP) түймешігі басылған жерді жазады.

Егер бейнебетте «■ (Resume Stop)» сәл уақытқа пайда болса, ойнатуды жаңғырту үшін (көрініс нүктесінен) ► (PLAY) түймешігін басыңыз.

Егер ■ (STOP) түймешігін екі рет бассаңыз немесе дискіні алсаңыз бейнебетте «■ (Complete Stop) (Толығымен тоқтату)» жазуы пайда болады. Құрылғы тоқтатылған нүктені өшіреді.

! Ескерту

- Түймешікті басқанда жалғастыру тұсы тазалануы мүмкін (мысалы; ⏻ (POWER), ⏏ (OPEN/CLOSE), т.б.).
- BD-J бар BD-ROM дискілерінде ойнатуды жалғастыру функциясы жұмыс істемейді.
- BD-ROM интерактивті тақырыбын ойнату кезінде ■ (STOP) түймешігін бір рет бассаңыз, құрылғы Complete Stop (Толығымен тоқтату) режимінде болады.

Қосымша ойнату мүмкіндіктері

Ойнатуды қайталау

BD DVD AVCHD ACD MUSIC MOVIE

Ойнату кезінде қалаған қайталау режимін таңдау үшін REPEAT (↺) түймешігін қайта-қайта басыңыз.

Blu-ray диск/DVD ойнатқышы/ФИЛЬМ

↺ A- – таңдалған бөлік үздіксіз қайталанады.

↺ Chapter – ағымдағы тарау қайта-қайта ойнатылады.

↺ Title – ағымдағы тақырып қайта-қайта ойнатылады.

↺ All – Барлық тректер немесе файлдар бірнеше рет ойнатылады.

алыпты ойнатуға оралу мақсатында [Off] таңдау үшін REPEAT (↺) пәрменін бірнеше рет басыңыз.

Дыбысты ықшам дискілер/музыка файлдары

↺ A-B – таңдалған бөлік үздіксіз қайталанады. (Тек дыбыстық CD үшін)

↺ Track – ағымдағы трек немесе файл

қайта-қайта ойнатылады.

↺ All – ағымдағы тректер немесе файлдар қайта-қайта ойнатылады.

↺ ↺ All – ағымдағы тректер немесе файлдар қайта-қайта кездейсоқ ретпен ойнатылады.

↺ – тректер немесе файлдар кездейсоқ ретпен ойнатылады.

Қалыпты ойнатуға оралу үшін CLEAR түймешігін басыңыз.

! Ескерту

- Тарауды/тректі қайта ойнату кезінде ►► түймешігін бір рет бассаңыз, ойнатуды қайталау болдырылмайды.
- Бұл функция кейбір дискілер не тақырыптарда істемеу де мүмкін.

Нақты бөлікті қайталау

BD DVD AVCHD ACD MOVIE

Бұл ойнатқыш таңдаған бөлікті қайталай алады.

1. Ойнату кезінде, қайталау керек бөліктің басында REPEAT (↺) түймешігін басып [A-] таңдаңыз.
2. Бөліктің соңында ENTER (⏏) түймешігін басыңыз.
Таңдалған бөлшектер ұзақ ойнатылады.
3. Қалыпты ойнатуға оралу мақсатында [Off] таңдау үшін REPEAT (↺) пәрменін бірнеше рет басыңыз.

! Ескерту

- 3 секундтан азырақ бөлікті таңдай алмайсыз.
- Бұл функция кейбір дискілер не тақырыптарда істемеу де мүмкін.

Ойнату кескінін үлкейту

BD DVD AVCHD MOVIE PHOTO

1. Ойнату немесе тоқтату режимдерінде [Zoom] мәзірін бейнелеу үшін ZOOM түймесін басыңыз.
2. Суретті кішірейту немесе үлкейту үшін қызыл (R) немесе жасыл (G) түсті түймешікті пайдаланыңыз. Үлкейтілген суреттерді ∧ / ∨ / < / > түймешіктерінің көмегімен қарауға болады.

3. Қалыпты сурет өлшеміне оралу үшін сары (Y) түсті түймешікті басыңыз.
4. [Zoom] мәзірінен шығу үшін BACK (↶) түймешігін басыңыз.

Маркерді іздеу

BD DVD AVCHD MOVIE

Ойнатуды тоғыз жадта қалған тұстан бастауға болады.

Маркерді өнгізу үшін

1. Ойнату кезінде, қалаған нүктеде MARKER) түймешігін басыңыз. ТД бейнебетінде қысқа уақытқа «Маркер» белгішесі пайда болады.
2. Тоғызға дейінгі маркерлерді қосу үшін 1-қадамды қайталаңыз.

Белгіленген эпизодты еске түсіру үшін

1. SEARCH түймешігін басыңыз және бейнебетте іздеу мәзірі пайда болады.
2. Еске түсіру керек маркер нөмірін таңдау үшін сандық түймешікті басыңыз. Ойнату белгіленген эпизодтан басталады.

Маркерді жою үшін

1. SEARCH түймешігін басыңыз және бейнебетте іздеу мәзірі пайда болады.



2. Маркер нөмірін бөлектеу үшін V түймешігін басыңыз. </> пайдаланып жою керек белгіленген эпизодты таңдаңыз.
3. CLEAR түймешігін басыңыз, сонда белгіленген эпизод іздеу мәзірінен өшіріледі.

! Ескерту

- Дискілерге, тақырыптарға, сервер мүмкіндігіне байланысты бұл функция жұмыс істемеуі мүмкін.
- Тақырып толығымен тоқтатылған (■) режимінде болса, тақырып өзгертілсе немесе дискіні шығарсаңыз, барлық белгіленген тұстар тазаланады.
- Егер тақырыптың жалпы ұзындығы 10 секундтан азырақ болса, бұл функция қол жетімді болмайды.

Іздеу мәзірін пайдалану

BD DVD AVCHD MOVIE

Іздеу мәзірінің көмегімен ойнатуды бастағыңыз келетін тұсты тез табуға болады.

Тұсты іздеу үшін

1. Ойнату кезінде іздеу мәзірін көрсету үшін SEARCH түймешігін басыңыз.



2. Ойнатуды 15 секунд алға немесе артқа секіріп өткізу үшін </> түймешігін басыңыз. Секіріп өткізу керек тұсты </> түймешігін басып тұру арқылы таңдауға болады.

Ойнатуды белгіленген эпизодтан бастау үшін

1. SEARCH түймешігін басыңыз, сонда бейнебетте іздеу мәзірі пайда болады.
2. Маркер нөмірін бөлектеу үшін V түймешігін басыңыз. Ойнатуды бастау керек белгіленген көріністі таңдау үшін </> түймешігін пайдаланыңыз.
3. Белгіленген эпизодтан ойнатуды бастау үшін ENTER (Ⓢ) түймешігін басыңыз.

! Ескерту

- Бұл функция дискілерге, тақырыптарға, сервер мүмкіндігіне байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бұл функция файл түріне және медиа сервердің мүмкіндігіне байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.



Мазмұн тізімінің көрінісін өзгерту

MOVIE MUSIC PHOTO

[Movie], [Music] немесе [Photo] мәзірінде мазмұн тізімінің көрінісін өзгертуге болады.

1-әдіс

Қызыл (R) түсті түймешікті бірнеше қайтара басыңыз.



2-әдіс

1. Мазмұн тізімінде опциялар мәзірін көрсету үшін INFO/DISPLAY (□) түймешігін басыңыз.
2. Λ / V түймешігін пайдаланып [View Change] опциясын таңдаңыз.
3. Мазмұн тізімі көрінісін өзгерту үшін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

Мазмұн мәліметін қарау

MOVIE

Ойнатқыш мазмұн мәліметін көрсете алады.

1. Файлды Λ / V / < / > түймешіктерін пайдаланып таңдаңыз.
2. Опциялар мәзірін көрсету үшін INFO / DISPLAY (□) түймешігін басыңыз.
3. [Information] опциясын Λ / V түймешігін пайдаланып таңдап, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

Бейнебетте файл мәліметі пайда болады.

Фильмді ойнату кезінде TITLE/POPUP түймешігін басып, файл мәліметін шығаруға болады.



Ескерту


Бейнебетте көрсетілген ақпарат нақты мазмұн мәліметімен салыстырғанда дұрыс емес болуы мүмкін.

Субтитрды таңдау

MOVIE

Егер субтитр файлының фильмдың атынан басқа болса, ойнату алдында [Movie] мәзірінде субтитр файлын таңдауыңыз қажет.

1. Λ / V / < / > түймешіктерін пайдаланып [Movie] мәзірінде ойнату керек субтитр файлын таңдаңыз.
2. ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.



Субтитр файлын таңдауды болдырмау үшін ENTER (⊙) түймешігін қайтадан басыңыз. Таңдалған субтитр файлы бейне файлы ойнатқаныңызда көрсетіледі.



Ескерту

- Ойнату кезінде ■ (STOP) басатын болсаңыз субтитр файлы басқа ойнатылмайды.
- Бұл функция үй желісі арқылы сервердегі файлды ойнату үшін қол жетімді емес.

Соңғы эпизодты сақтау

BD DVD

Бұл құрылғы ең соңғы қаралған дисктен көрінетін соңғы көріністі сақтайды. Дискті құрылғыдан алсаңыз да немесе құрылғыны өшірсеңіз де, соңғы эпизод жадта қалады. Егер жадта сақталған эпизоды бар дискті салсаңыз, эпизод автоматты түрде шығады.

! Ескерту

- Алдыңғы диск үшін соңғы эпизодты сақтау функциясы басқа диск ойнатылғанда өшіріледі.
- Дискіге байланысты бұл функция жұмыс істемеуі мүмкін.
- BD-J бар BD-ROM дискілерінде, соңғы эпизодты сақтау функциясы жұмыс істемейді.
- Бұл құрылғы ойнатуды бастамай тұрып құрылғыны өшірсеңіз, диск параметрлерін еске сақтамайды.

Фотосуретті қарау кезіндегі опциялар

PHOTO

Фотосуретті толық бейнебетте қарау кезінде түрлі параметрлерді пайдалануға болады.

1. Фотосуретті толық бейнебетте көріп жатқанда, опциялар мәзірін көрсету үшін INFO/DISPLAY (□) түймешігін басыңыз.
2. Опцияны Δ / ∇ түймешігін пайдаланып таңдаңыз.



1. Ағымдағы фотосурет/фотосуреттердің жалпы саны – Алдыңғы/келесі суретті қарау үшін $\langle / \rangle$ түймешігін пайдаланыңыз.

2. **Slide Show** – слайд көрсетілімін бастау немесе кідірту үшін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

3. **Music Select** – слайд көрсетілімі үшін өңдік музыканы таңдаңыз (36 беті).

4. **Music** – өңдік музыканы бастау немесе кідірту үшін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

5. **Rotate** – суретті сағат бағытымен айналдыру үшін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

6. **Zoom** – мәзірін көрсету үшін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

7. **Effect** – слайд көрсетіліміндегі фотосуреттер арасындағы ауысу әсерін таңдау үшін $\langle / \rangle$ түймешігін пайдаланыңыз.

8. **Speed** – слайд көрсетіліміндегі фотосуреттер арасындағы кідіріс жылдамдығын таңдау үшін $\langle / \rangle$ түймешігін пайдаланыңыз.

3. Опциялар мәзірінен шығу үшін BACK (⬅) түймешігін басыңыз.

Слайд көрсетілімі кезінде музыка тыңдау

PHOTO


Музыка файлдарын тыңдау кезінде фотосурет файлдарын шығаруға болады.

1. Фотосуретті толық бейнебетте көргенде, опциялар мәзірін көрсету үшін INFO/DISPLAY (□) түймешігін басыңыз.
2. Δ / ∇ түймешігін пайдаланып [Music Select] опциясын таңдап, ENTER (⊙) түймешігін басып, [Music Select] мәзірін көрсетіңіз.
3. Δ / ∇ түймешігін пайдаланып құрылғыны таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

Толық бейнебетте бейнеленетін фотосурет файлының орналасуына байланысты құрылғылар түрлі болуы мүмкін.

Фотосурет орны	Қол жетімді құрылғы
Диск, USB	Диск, USB
Ортақтасу қалтасы (компьютер)	Ортақтасу қалтасы (компьютер)
DLNA сервері	DLNA сервері

4. Δ/V түймешігін пайдаланып, ойнату керек файлды немесе қалтаны таңдаңыз.



Жоғарғы каталогты көрсету үшін $\square$ таңдаңыз да, ENTER ($\odot$) түймешігін басыңыз.

! Ескерту

Серверде музыка файлын таңдағанда, қалтаны таңдау қол жетімді емес. Тек файлды таңдау қол жетімді.

5. $>$ түймешігін пайдаланып [OK] таңдаңыз да, музыканы таңдауды аяқтау үшін ENTER ($\odot$) түймешігін басыңыз.

Бейнебет дисплейі

Мазмұнға қатысты әр түрлі ақпаратты және параметрлерді көрсетуге және реттеуге болады.

Мазмұн мәліметтерін бейнебетте көрсету

BD DVD AVCHD MOVIE

1. Ойнату кезінде, әр түрлі ойнату мәліметтерін көрсету үшін INFO/DISPLAY ($\square$) түймешігін басыңыз.



1. **Title** – ағымдағы тақырып саны/ тақырыптардың толық саны

2. **Chapter** – ағымдағы тарау саны/ тараулардың толық саны

3. **Time** – өткен ойнату уақыты/жалпы ойнату уақыты

4. **Audio** – таңдалған аудио тілі немесе арнасы

5. **Subtitle** – таңдалған субтитр.

6. **Angle** – таңдалған бұрыш/ бұрыштардың жалпы саны

7. **TV Aspect Ratio** – таңдалған теледидардың арақатынасы

8. **Picture Mode** – таңдалған сурет режимі

2. Δ/V түймешігін пайдаланып опцияны таңдаңыз.

3. Таңдалған опция мәнін реттеу үшін $</>$ түймешігін пайдаланыңыз.

4. Бейнебеттегі дисплейден шығу үшін BACK ($\curvearrowright$) түймешігін басыңыз.

! Ескерту

- Егер бірнеше секунд бойы ешбір түймешік басылмаса, бейнебеттегі дисплей кетеді.
- Кейбір дискілерді тақырып нөмірін таңдау мүмкін емес.
- Қол жетімді элементтер дискілерге немесе тақырыптарға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- Егер интерактивті Blu-ray Disc ойнатылып жатса, кейбір параметр мәліметтері бейнебетте көрсетіледі, бірақ оларды өзгертуге тыйым салынады.

Таңдалған уақыттан бастап ойнату

BD DVD AVCHD MOVIE

1. Ойнату кезінде INFO/DISPLAY ($\square$) түймешігін басыңыз. Уақытты іздеу жолағы соңына дейін қалған ойнату уақытын көрсетеді.
2. [Time] опциясын таңдаңыз, содан кейін қажетті басталу уақытының сағат, минут және секундтарын солдан оңға қарай енгізіңіз.

Мысалы, 2 сағат, 10 минут және 20

секундтағы көріністі табу үшін «21020» сандарын енгізіңіз.

Ойнатуды 60 секундқа алға немесе артқа секірту үшін </> түймешігін басыңыз.

3. Ойнатуды таңдалған уақыттан бастау үшін ENTER (Ⓢ) түймешігін басыңыз.

! Ескерту

- Бұл функция кейбір дискілер не тақырыптарда істемеу де мүмкін.
- Файл түріне немесе DLNA серверіне байланысты бұл функция жұмыс істемеуі мүмкін.

Басқа дыбысты есту

BD DVD AVCHD MOVIE

1. Ойнату кезінде, бейнебеттегі дисплейді көрсету үшін INFO/DISPLAY (□) түймешігін басыңыз.
2. Λ / V түймешігін пайдаланып, [Audio] опциясын таңдаңыз.
3. </> түймешігін пайдаланып, қалаған дыбыс тілін, дыбыс жолын немесе дыбыс арнасын таңдаңыз.

! Ескерту

- Кейбір дискілер дыбыс таңдауларын тек диск мәзірі арқылы өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда, TITLE/POP-UP немесе DISC MENU түймешігін басыңыз да, диск мәзіріндегі таңдаулар ішінде тиісті дыбысты таңдаңыз.
- Дыбысты қосқаннан кейін бірден көрсету мен нақты дыбыстың арасында уақытша сәйкессіздік болуы мүмкін.
- BD-ROM дискісінде мульты дыбыс пішімі (5,1CH немесе 7,1CH) бейнебеттегі дисплейде [MultiCH] жазуымен бірге көрсетіледі.

Субтитр тілін таңдау

BD DVD AVCHD MOVIE

1. Ойнату кезінде, бейнебеттегі дисплейді көрсету үшін INFO/DISPLAY (□) түймешігін басыңыз.
2. Λ / V түймешігін пайдаланып, [Subtitle] опциясын таңдаңыз.
3. </> түймешігін пайдаланып, қалаған субтитр тілін таңдаңыз.

4. Бейнебеттегі дисплейден шығу үшін BACK (↶) түймешігін басыңыз.

! Ескерту

Кейбір дискілер субтитр таңдауларын тек диск мәзірі арқылы өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда, TITLE/POPUP немесе DISC MENU түймешігін басыңыз және диск мәзіріндегі таңдауларда тиісті субтитрді таңдаңыз.

Басқа бір бұрыштан қарау

BD DVD

Егер диск басқа өлшемде жазылған камера материалдары болса, ойнату кезінде қажетті өлшемге өзгертуге болады.

1. Ойнату кезінде, бейнебеттегі дисплейді көрсету үшін INFO/DISPLAY (□) түймешігін басыңыз.
2. Λ / V түймешігін пайдаланып, [Angle] опциясын таңдаңыз.
3. </> түймешігін пайдаланып, қалаған бұрышты таңдаңыз.
4. Бейнебеттегі дисплейден шығу үшін BACK (↶) түймешігін басыңыз.

ТД арақатынасын өзгерту

BD DVD AVCHD MOVIE

Ойнату кезінде теледидардың арақатынасы параметрін өзгертуге болады.

1. Ойнату кезінде, бейнебеттегі дисплейді көрсету үшін INFO/DISPLAY (□) түймешігін басыңыз.
2. Λ / V түймешігін пайдаланып, [TV Aspect Ratio] опциясын таңдаңыз.
3. </> түймешігін пайдаланып, қалаған опцияны таңдаңыз.
4. Бейнебеттегі дисплейден шығу үшін BACK (↶) түймешігін басыңыз.

! Ескерту

Тіпті бейнебеттегі дисплейдегі [TV Aspect Ratio] опциясының мәнін өзгертсеңіз де, [Setup] мәзіріндегі [TV Aspect Ratio] опциясы өзгертілмейді.

Сурет режимін өзгерту


BD DVD AVCHD MOVIE

Ойнату кезінде [Picture mode] опциясын өзгертуге болады.

1. Ойнату кезінде, бейнебеттегі дисплейді көрсету үшін INFO/DISPLAY (□) түймешігін басыңыз.
2. $\wedge / \vee$ түймешігін пайдаланып [Picture Mode] опциясын таңдаңыз.
3. $< / >$ түймешігін пайдаланып қалаған опцияны таңдаңыз.
4. Бейнебеттегі дисплейден шығу үшін BACK (↶) түймешігін басыңыз.

[User] опциясын орнату

1. Ойнату кезінде, бейнебеттегі дисплейді көрсету үшін INFO/DISPLAY (□) түймешігін басыңыз.
2. $\wedge / \vee$ түймешігін пайдаланып [Picture Mode] опциясын таңдаңыз.
3. $< / >$ түймешігін пайдаланып [User setting] опциясын таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.



4. $\wedge / \vee / < / >$ түймешіктерін пайдаланып, [Picture Mode] опцияларын реттеңіз.

Барлық бейне реттеулерін ысыру үшін [Default] опциясын таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

5. $\wedge / \vee / < / >$ түймешіктерін пайдаланып, [Close] опциясын таңдаңыз да, орнатуды аяқтау үшін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

Субтитр коды бетін өзгерту

MOVIE

Егер субтитр түсініксіз әріптермен көрсетілсе, субтитр файлын тиісті түрде қарау үшін субтитр коды бетін өзгертуге болады.

1. Ойнату кезінде, ойнату мәзірін көрсету үшін INFO/DISPLAY (□) түймешігін басыңыз.
2. $\wedge / \vee$ түймешігін пайдаланып, [Code Page] опциясын таңдаңыз.
3. $< / >$ түймешігін пайдаланып қалаған код опциясын таңдаңыз.



4. Бейнебеттегі дисплейден шығу үшін BACK (↶) түймешігін басыңыз.

Дыбыстық ықшам дискті жазу


Дыбыстық ықшам дисктегі қажетті бір тректі немесе тректердің барлығын USB сақтау құрылғысына жазуға болады.

1. USB сақтау құрылғысын алдыңғы панельдегі USB портына салыңыз.
2. ▲ (OPEN/CLOSE) түймешігін басыңыз да, диск науасына дыбыстық ықшам дискіні қойыңыз.
Диск науасын жабу үшін ▲ (OPEN/CLOSE) түймешігін басыңыз. Ойнату автоматты түрде басталады.
3. INFO/DISPLAY (□) түймешігін басып, опциялар мәзірін көрсетіңіз.
4. Λ / V түймешігін пайдаланып [CD Recording] опциясын таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.
5. Λ / V түймешігін басып, мәзірде көшіру керек тректі таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

Мүмкіндігінше көп тректерді таңдау үшін осы қадамды қайталаңыз.

Select All	Дыбыстық ықшам дисктегі барлық тректерді таңдайды.
Option	Қалқымалы мәзірде кодтау опциясын таңдайды (128 кбит/с, 192 кбит/с, 320 кбит/с).
Close	Жазуды тоқтатып, алдыңғы бейнебетке қайтарады.

6. Λ / V / < / > түймешіктерін пайдаланып [Start] опциясын таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.
7. Λ / V / < / > түймешігін пайдаланып көшірілетін мақсатты қалтаны таңдаңыз.



Жаңа қалта жасағыңыз келсе, Λ / V / < / > түймешіктерін пайдаланып [New Folder] опциясын таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

Виртуалды пернетақтаны пайдаланып қалта атауын енгізіңіз де, ENTER (⊙) түймешігін [OK] таңдаулы кезде басыңыз.

8. Λ / V / < / > түймешіктерін пайдаланып [OK] таңдаңыз да, дыбыстық ықшам дискіні жазуды бастау үшін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.
Егер дыбыстық ықшам диск жазу барысында оны тоқтатқыңыз келсе, [Cancel] бөлектеп, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.
9. Дыбыстық CD жазу аяқталған кезде хабар пайда болады. Мақсатты қалтада жасалған дыбыстық файлды тексеру үшін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

Ескерту

- Төмендегі кестеде дыбыс трегінің орташа жазып алу уақыты 4 минут музыка файлын ойнату уақыты және мұзас ретінде 192 кбит/с ретінде көрсетілген.

тоқтату режимі	ойнату кезінде
1 мин.	4 мин.

- Жоғарыдағы кестедегі жазып алу уақыттары шамамен берілген.
- USB сақтау құрылғысының нақты жазып алу уақыты USB сақтау құрылғысының мүмкіндігіне байланысты әр түрлі болады.
- USB сақтау құрылғысына жазғанда, қажетті минималды 50 МБ бос орын бар екенін тексеріңіз.
- Тиісті жазып алу үшін дыбыстың ұзындығы 20 секундтан аспауы керек.
- Дыбыстық ықшам дискті жазып алу кезінде ойнатқышты өшірмеңіз немесе қосылған USB сақтау құрылғысын шығармаңыз.

! Абай болыңыз

Бұл ойнатқыштың жазып алу немесе көшіру мүмкіндіктері тек жеке және коммерциялық емес пайдалану үшін берілген. Көшіруден қорғалған материалдың, соның ішінде компьютер бағдарламаларының, файлдардың, таратулардың және дыбыс жазбаларының рұқсат етілмеген көшірмелерін жасау авторлық құқықтарды бұзу және қылмыстық іс болуы мүмкін. Бұл жабдықты мұндай мақсаттар үшін пайдаланбау керек. LG компаниясы коммерциялық мақсаттағы заңсыз таратудан немесе мазмұнды рұқсатсыз пайдаланудан бүкіл жауапкершіліктен бас тартады.

Жауапты болу
Авторлық құқықтарды құрметтеу

Микрофонмен ән айту

Микрофонды пайдаланып Караоке функциясынан ләззат алыңыз. Бейнені тамашалап отырғанда экранда көрсетіліп тұрған ән сөзін немесе ырғақты орындай аласыз.

Микрофон алдыңғы панельдің MIC.1 немесе MIC.2 ұяшығына қосылуы тиіс.

1. Караоке дискін немесе дискті диск тартпасына орнатыңыз.
2. Микрофонды MIC.1 немесе MIC.2 ұяшығына қосыңыз.
3. Караоке DVD немесе дискті жаңғыртыңыз.
4. Микрофонның қосқышын қосып, дыбыс деңгейін (VOL.-/+) тиісінше баптап алыңыз.


! Ескерту

- Егер микрофонды пайдалану кезінде бұрмаланған дыбыстар немесе акустикалық кері дыбыстар орын алса, микрофоныңызды зорайтқыштардан алшақ ұстаңыз.
- Егер микрофонды пайдаланбасаңыз дыбыс деңгейін (VOL.-/+) төмендетіп, микрофонды ажыратыңыз.
- HDMI және Сандық Шығыс PCM STEREO функциясына орнатылады және AUDIO SETUP орнатымдары есепке алынбайды.

NetCast™ Entertainment Access пайдалану

NetCast мүмкіндігінің көмегімен интернет арқылы әртүрлі мазмұн қызметтерін пайдалануға болады.

1. Желілік байланысты және орнатымдарын тексеріңіз (19 беті).
2. HOME (🏠) түймешігін басыңыз.
3. [NetCast] опциясын </> түймешігін пайдаланып басыңыз да, ENTER (Ⓢ) түймешігін басыңыз.



4. Λ/V/</> түймешіктерін пайдаланып желідегі қызметті таңдаңыз да, ENTER (Ⓢ) түймешігін басыңыз.

! Ескерту

- Әр қызмет туралы егжей-тегжейлі мәліметтер алу үшін ақпарат ұсынушымен хабарласыңыз немесе қызметтік қолдау көрсететін сілтемесі бойынша өтіңіз.
- NetCast қызметтерінің мазмұны және қызметке қатысты ақпарат, соның ішінде пайдаланушы интерфейсі өзгертілуі мүмкін. Ең жаңа ақпаратты алу үшін әр қызметтің веб-торабын қараңыз.
- [NetCast] алғаш рет қолданған кезде ағымдағы мемлекетті орнату баптауы пайда болады. Егер мемлекет баптауын өзгерту қажет болса [EDIT] таңдап, ENTER (Ⓢ) басыңыз.

Ақаулықтарды жою

Жалпы

Симптом	Себеп және шешім
Қуат қосылмаған.	Сымның өзге шетін қабырға көзіне тұрақты жалғаңыз.
Құрылғы ойнатуды бастай алмайды.	- Ойналатын дискі салыңыз. Диск енгізіңіз. (Диск түрі мен аймақтық кодын тексеріңіз.) - Дискті ойнату жағымен жанына қарай салыңыз. - Дискті диск науасындағы бағыттағыштар ішіне дұрыстап салыңыз. - Дискіні тазалаңыз. - Баға беру функциясын тоқтатыңыз немесе баға беру деңгейін өзгертіңіз.
Бұрышты өзгерту мүмкін емес.	Ойналып жатқан DVD бейне фильмде бірнеше бұрыш жазылмайды.
Фильм, фотосурет немесе музыка файлдарын ойнату мүмкін емес.	- Файлдар құрылғы ойната алатын пішімде жазылмаған. - Құрылғы фильм файлының кодегін қолдамайды.
Қашықтан басқару пульті тиісті түрде жұмыс істемейді.	- Қашықтан басқару пульті құрылғының қашықтан басқару сенсорына бағытталмаған. - Қашықтан басқару пульті құрылғыдан тым алыс. - Қашықтан басқару пульті мен құрылғы арасында кедергі бар. - Қашықтан басқару пультіндегі батареяларды ауыстыру қажет.
Құрылғы розеткаға қосылған, бірақ қуат қосылмайды немесе өшірулі.	Құрылғыны келесідей ысыруға болады. Қуат сымын розеткадан ажыратыңыз, кемінде бес секунд күтіңіз, содан кейін оны розеткаға қайтадан қосыңыз.
Құрылғы қалыпты жұмыс істемеуде.	

Желі

Симптом	Себеп және шешім
BD-Live мүмкіндігі жұмыс істемейді.	- Қосылған USB сақтау құрылғысында жеткілікті бос орын болмауы мүмкін. Кемінде 1 ГБ бос орны бар USB сақтау құрылғысын қосыңыз. - Құрылғының жергілікті желіге дұрыс жалғанғанына және интернетке кіруге болатынына көз жеткізіңіз (19 бетін қараңыз). - Кең жолақты желі жылдамдығы BD-Live мүмкіндіктерін пайдалануға болатындай жылдам болмауы мүмкін. Интернет қызметінің провайдеріне (ISP) хабарласып, кең жолақты желі жылдамдығын көбейткен жөн. [Setup] мәзіріндегі [BD-LIVE connection] опциясы [Prohibited] деп орнатылған. Опцияны [Permitted] деп орнатыңыз.
Ағындық бейне қызметтері (мысалы, YouTube™, т.б.) жиі ойнату кезінде тоқтатылады немесе «буферде» болады.	Кең жолақты желі қызметінің жылдамдығы ағындық бейне қызметтері үшін жылдам болмауы мүмкін. Интернет қызметінің провайдеріне (ISP) хабарласып, кең жолақты желі жылдамдығын көбейткен жөн.
Компьютердегі немесе медиа сервердегі ортақ қалталар немесе файлдар құрылғылар тізімінде көрсетілмейді.	- Медиа серверде брандмауэр немесе вирусқа қарсы бағдарлама іске қосылған. Компьютердегі немесе медиа сервердегі іске қосылған брандмауэрды немесе вирусқа қарсы бағдарламаны өшіріңіз. - Ойнатқыш коимпьютер немесе медиа сервер қосылған жергілікті аймақ желісіне қосылмаған.

Сурет

Симптом	Себеп және шешім
Сурет жоқ.	- Теледидарда сәйкес бейне көрсету режимін таңдаңыз, яғни құрылғыдағы бейне теледидар бейнебетінде пайда болуы керек. - Бейне қосылымды берік жалғаңыз. [Setup] мәзіріндегі [HDMI Color Setting] бейне қосылымға сай келетін тиісті элементке орнатылғанын тексеріңіз. - Теледидарыңыз ойнатқышта орнатылған ажыратымдылықты қолдамауы мүмкін. Теледидар қабылдай алатын ажыратымдылыққа өзгертіңіз. - Ойнатқыштың HDMI OUT ұяшығы авторлық құқықтарды қорғауды қолдамайтын DVI құрылғысына қосылған.
Сурет шуы пайда болады.	- Теледидардағы түс жүйесінен бөлек түс жүйесінде жазылған дискті ойнатып жатырсыз. - Теледидар қабылдай алатын ажыратымдылықты орнатыңыз.
Blu-ray 3D диск ойнатылуы 3D көріністерді шығармайды.	- Ойнатқышты теледидарға HDMI кабель көмегімен жалғаңыз (A түрі, High Speed HDMI™ Cable). - Теледидарыңыз "HDMI 1.4 3D шартты пішімді" қолдамауы мүмкін. [Setup] мәзіріндегі [3D Mode] опциясы [Off] тармағына орнатылған. Опцияны [On] тармағына орнатыңыз.

Дыбыс

Симптом	Себеп және шешім
Еш дыбыс шықпайды немесе дыбысы бұрмаланған.	• у Аудио қосылымын тығыз жалғаңыз. • у Күшейткіштегі кіру көзі немесе күшейткішке байланыс дұрыс емес. • у Құрылғы іздеу, баяу қозғалу немесе кідірту режимінде. • у Дыбыс деңгейі төмен. • у Жалғанған күшейткіш құрылғыдан шығарылған аудио пішімімен үйлесімді екенін тексеріңіз. • у Құрылғының HDMI ШЫҒУ ұяшығы DVI құрылғысына жалғанған. DVI ұяшығы аудио сигналын қабылдамайды. • у Құрылғының HDMI ШЫҒУ ұяшығына жалғанған құрал құрылғыдан шығарылған аудио пішімімен үйлесімді екенін тексеріңіз.

Тұтынушыларды қолдау


Соңғы өнім әрекеттеріне және/немесе жаңа мүмкіндіктеріне ие болу үшін Ойнатқышты соңғы бағдарламалық құралды пайдаланып жаңартуыңызға болады. Ойнатқыш үшін соңғы бағдарламалық құралды алу үшін (егер жаңартулар бар болса), <http://lgservice.com> сайтына барыңыз немесе LG Electronics тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

Ашық дереккөзді бағдарламаға қатысты хабарлама

GPL, LGPL лицензиясы алынған сәйкес бастапқы кодты және басқа ашық бастапқы код лицензияларын алу үшін <http://opensource.lge.com> торабына кіріңіз. Барлық айтылған лицензия шарттарын, кепілдіктен бас тарту туралы хабарлармаларды және авторлық құқықтар туралы ескертуді бастапқы кодпен бірге жүктеуге болады.

Теледидарды қашықтан басқару пультімен басқару

Теледидарды төмендегі түймешіктердің көмегімен басқаруға болады.



Мынаны басу арқылы	Сіз мыналарды істей аласыз
⏻ (TV POWER)	Теледидарды қосу немесе өшіру.
AV/INPUT	Теледидардың кіріс көзін ТД және басқа кіріс көздері арасында ауыстыру.
PR/CH ^ / V	Сақталған каналдар арқылы жоғары немесе төмен іздеу.
VOL +/-	ТД дыбыс деңгейін реттеу

! Ескерту

Қосылып жатқан құрылғыға байланысты, кейбір түймешіктерді пайдаланып теледидарды басқара алмауыңыз мүмкін.

Қашықтан басқару пультін теледидарды басқаруға орнату

Теледидарды берілген қашықтан басқару пультінің көмегімен басқаруға болады. Теледидарыңыз төмендегі кестеде тізілмеген болса, тиісті жасап шығарушы кодын орнатыңыз.

1. ⏻ (TV POWER) түймешігін басып тұрып, сандық түймешіктердің көмегімен теледидарыңыз үшін жасап шығарушының кодын енгізіңіз (төмендегі кестені қараңыз).

Жасап шығарушы	Код нөмірі
LG	1(әдепкі), 2
Zenith	1, 3, 4
GoldStar	1, 2
Samsung	6, 7
Sony	8, 9
Hitachi	4

2. Орнатуды аяқтау үшін ⏻ (TV POWER) түймешігін босатыңыз.

Теледидарыңызға байланысты, тіпті дұрыс жасап шығарушы кодын енгізгеннен кейін теледидардағы кейбір немесе барлық түймешіктер қызмет етпеуі мүмкін. Қашықтан басқару пультінің батареяларын орнатқанда, сіз орнатқан код нөмірі әдепкі параметрге ысырылуы мүмкін. Тиісті код нөмірін қайтадан орнатыңыз.


Желілік бағдарламаны жаңарту

Желі жаңартымы туралы ескерту

Кейде, жұмысын жақсартуға арналған мүмкіндіктер және/немесе қосымша мүмкіндіктер немесе қызметтер кең жолақты үй желісіне қосылған құрылғылар үшін жасалуы мүмкін. Егер жаңа бағдарлама бар болса және құрылғы кең жолақты үй желісіне қосылған болса, ойнатқыш жаңартым туралы келесідей хабар береді.

1-опция:

1. Ойнатқышты қосқан кезде бейнебетте жаңарту мәзірі пайда болады.
2. </> түймешігін пайдаланып қалаған опцияны таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.



[OK]	Бағдарламаны жаңартуды бастайды.
[Cancel]	Жаңа мәзірінен шығады және оны келесі іске қосқанда көрсетеді.
[Hide]	Жаңарту мәзірінен шығады және ол жаңарту серверіне келесі бағдарлама кері қотарылғанша пайда болмайды.

2-опция:

Егер жаңарту серверінде бағдарлама жаңартуы қол жетімді болмаса, «Басты» мәзірінде «Software Update» белгішесі пайда болады. Жаңарту ретін бастау үшін көк (B) түсті түймешікті басыңыз.

Бағдарламаны жаңарту

Соңғы өнім әрекеттеріне және/немесе жаңа мүмкіндіктеріне ие болу үшін Ойнатқышты соңғы бағдарламалық құралды пайдаланып жаңартуыңызға болады. Бағдарламаны жаңарту серверімен тікелей байланыс орнату арқылы бағдарламаны жаңартуға болады.

! Ескерту

- Ойнатқыштағы бағдарламаны жаңарту алдында ойнатқыштан кез келген дискіні және USB құрылғыны алыңыз.
- Ойнатқыштағы бағдарламаны жаңарту алдында ойнатқышты өшіріңіз, содан кейін оны қайтадан қосыңыз.
- **Бағдарламаны жаңарту ретінің басында, ойнатқышты өшірмеңіз немесе AC айнымалы ток қуатын ажыратпаңыз не болмаса ешбір түймешікті баспаңыз.**
- Жаңартуды болдырмасаңыз, қуатты өшіріңіз және тұрақты өнімділік үшін оны қосыңыз.
- Бұл құрылғыны алдыңғы бағдарлама нұсқасына жаңарту мүмкін емес.

1. Желілік байланысты және орнатымдарын тексеріңіз (19 беті).
2. [Setup] мәзірінде [Software] опциясын таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.
3. [Update] опциясын таңдаңыз да, ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.



Ойнатқыш ең соңғы жаңартуды тексереді.

! Ескерту

- Жаңартуды тексеру кезінде ENTER (⊙) түймешігін басу процесті аяқтайды.
- Жаңарту қол жетімді болмаса, «No update is found» хабары пайда болады. [Home Menu] оралу үшін ENTER (⊙) түймешігін басыңыз.

4. Егер жаңарақ нұсқа бар болса, «A new update was found. Do you want to download it?» хабары пайда болады.
5. Жаңартуды бастау үшін [OK] пәрменін таңдаңыз. ([Cancel] пәрменін таңдау жаңартуды аяқтайды.)
6. Ойнатқыш серверден ең соңғы жаңартымды жүктеіп бастайды. (Жүктеу үй желісінің жағдайына қарай бірнеше минутқа созылуы мүмкін)
7. Жүктеу аяқталған кезде, «Download is complete. Do you want to update?» хабары пайда болады.
8. Жаңартуды бастау үшін [OK] пәрменін таңдаңыз.
([Cancel] пәрменін таңдау жаңартуды аяқтайды және жүктелген файлды қайта пайдалануға болмайды. Бағдарламаны келесі жолы жаңарту үшін бағдарламаны жаңарту ретін қайтадан басынан бастау қажет.)
Бағдарламаны жаңарту кезінде қуатты өшірмеңіз.

! Абай болыңыз

Бағдарламаны жаңарту кезінде қуатты өшірмеңіз.

! Ескерту

Егер бағдарлама драйвер жаңартуын қамтыса, процестің барысында диск науасы ашылуы мүмкін.

9. Жаңарту аяқталған кезде қуат бірнеше секунд ішінде автоматты түрде өшіріледі.
10. Қуат көзін қосу. Жүйе енді жаңа нұсқамен жұмыс істейді.

! Ескерту

Интернет ортаңызға байланысты бағдарламаны жаңарту функциясы жұмыс істемеуі мүмкін. Бұл жағдайда, рұқсат етілген LG Electronics қызмет көрсету орталығынан ең соңғы бағдарламаны алып, ойнатқышты жаңартуға болады. 44 бетіндегі «Тұтынушыға қызмет көрсету» мақаласын қараңыз.

Nero MediaHome 4 Essentials бағдарламасы туралы

Nero MediaHome 4 Essentials – компьютерде сақталған фильм, музыка және фотосурет файлдарын осы ойнатқышқа DLNA-сыйысымды сандық медиа сервер ретінде ортақ пайдалануға арналған бағдарлама.

! Ескерту

- Nero MediaHome 4 Essentials CD-ROM дискісі компьютерлерге арналған және оны бұл ойнатқышқа немесе компьютерден басқа кез келген өнімге салмау керек.
- Берілген Nero MediaHome 4 Essentials CD-ROM дискісі – тек осы ойнатқышта файлдарды және қалталарды ортақ пайдалануға арналған теңшелген бағдарлама шығарылымы.
- Берілген Nero MediaHome 4 Essentials бағдарламасы келесі функцияларды қолдамайды: қайта кодтау, қашықтағы UI, ТД басқару, интернет қызметтері және Apple iTunes
- Бұл нұсқаулықтағы мысалдарда Nero MediaHome 4 Essentials бағдарламасының ағылшын нұсқасымен әрекеттер түсіндірілген. Сіздің тіліңіздегі нұсқадағы нақты әрекеттерге сілтеме жасайтын түсіндірмені орындаңыз.

Nero MediaHome 4 Essentials бағдарламасын орнату

Nero MediaHome 4 Essentials бағдарламасын орнату алдында төменде көрсетілген жүйе талабын тексеріңіз.

- Windows® XP (2 немесе одан жоғары жаңарту бумасы), Windows Vista® (жаңарту бумасы қажет емес), Windows® XP Media Center Edition 2005 (2 немесе одан жоғары жаңарту бумасы), Windows Server® 2003

- Windows Vista® 64-биттік шығарылымы (қолданба 32-биттік режимде жұмыс істейді)
- Қатты дискідегі бос орын: Nero MediaHome оқшау бағдарламасын әдеттегі орнату үшін 200 МБ қатты диск кеңістігі
- 1,2 ГГц Intel® Pentium® III немесе AMD Sempron™ 2200+ процессорлары
- Жад: 256 МБ RAM
- Кемінде 32 МБ бейне жады бар, минималды ажыратымдылығы – 800 x 600 пиксель және 16-биттік түс параметрлері бар графикалық тақта
- Windows® Internet Explorer® 6,0 немесе одан жоғары нұсқасы
- DirectX® 9.0с түзетуі 30 (тамыз 2006) немесе одан жоғары
- Желі: 100 МБ Ethernet, WLAN

Компьютерді іске қосыңыз және берілген CD-ROM дискісін компьютердің CD-ROM жетегіне салыңыз. Орнату шебері сізді қысқа және оңай орнату процесінен өткізеді. Nero MediaHome 4 Essentials бағдарламасын орнату үшін келесі әрекеттерді пайдаланыңыз:

1. Барлық Microsoft Windows бағдарламаларын жабыңыз және іске қосылған болуы мүмкін кез келген вирусқа қарсы бағдарламадан шығыңыз.
2. Берілген CD-ROM дискіні компьютердің CD-ROM жетегіне салыңыз.
3. [Nero MediaHome 4 Essentials] пәрменін таңдаңыз.
4. Орнатуды бастау үшін [Run] пәрменін таңдаңыз.
5. [Nero MediaHome 4 Essentials] пәрменін таңдаңыз. Орнату дайындалады және орнату шебері пайда болады.
6. Сериялық нөмірді енгізу бейнебетін көрсету үшін [Next] түймешігін басыңыз. Келесі қадамға өту үшін [Next] түймешігін басыңыз.
7. Барлық шарттарды қабылдасаңыз, [I accept the License Conditions] құсбелгісін қойыңыз да, [Next] түймешігін басыңыз. Бұл келісімсіз орнату мүмкін емес.
8. [Typical] параметрін таңдаңыз да, [Next]

түймешігін басыңыз.

Орнату процесі басталады.

9. Қол қоюсыз деректерді жинауға қатысқыңыз келсе, құсбелгіні қойыңыз да, [Next] түймешігін басыңыз.
10. Орнатуды аяқтау үшін [Exit] түймешігін басыңыз.

Файлдарды және қалталарды ортақ пайдалану

Компьютерде, осы ойнатқышта ойнату үшін фильм, музыка және/немесе фотосурет мазмұнын қамтитын қалтаны ортақ пайдалану керек.

Бұл бөліктер компьютердегі ортақ қалталарды таңдау ретін түсіндіреді.

1. Жұмыс үстеліндегі «Nero MediaHome 4 Essentials» белгішесін екі рет нұқыңыз.
2. Сол жақтағы [Network] белгішесін нұқыңыз да, [Network name] өрісінде желі атауын анықтаңыз. Енгізілетін желі атауын ойнатқыш таниды.
3. Сол жақтағы [Shares] белгішесін нұқыңыз.
4. [Shares] бейнебетіндегі [Local Folders] белгішесін нұқыңыз.
5. [Add] белгішесін нұқып, [Browse Folder] терезесін ашыңыз.
6. Ортақ пайдаланғыңыз келетін файлдарды қамтитын қалтаны таңдаңыз. Таңдалған қалта ортақ қалталардың тізіміне қосылады.
7. Серверді іске қосу үшін [Start Server] белгішесін нұқыңыз.

! Ескерту

- Егер ортақ қалталар немесе файлдар ойнатқышта көрсетілмесе, [Local Folders] белгішесінде қалтаны нұқыңыз да, [More] түймешігінде [Rescan Folder] пәрменін таңдаңыз.
- Қосымша ақпарат және бағдарлама құралдарын алу үшін www.nero.com торабына кіріңіз

Аймақ кодтарының тізімі

Тізімнен аймақ кодын таңдаңыз.

Аймақ	коды	Аймақ	коды	Аймақ	коды	Аймақ	коды
Ауғанстан	AF	Фиджи	FJ	Монако	MC	Сингапур	SG
Аргентина	AR	Финляндия	FI	Моңғолия	MN	Словакия	
Австралия	AU	Франция	FR	Марокко	MA	Республикасы	SK
Австрия	AT	Германия	DE	Непал	NP	Словения	SI
Бельгия	BE	Ұлыбритания	GB	Нидерланд	NL	Оңтүстік Африка	ZA
Бутан	BT	Греция	GR	Антиль аралдары	AN	Оңтүстік Корея	KR
Боливия	BO	Гренландия	GL	Жаңа Зеландия	NZ	Испания	ES
Бразилия	BR	Гонконг	HK	Нигерия	NG	Шри-Ланка	LK
Камбоджа	KH	Венгрия	HU	Норвегия	NO	Швеция	SE
Канада	CA	Индия	IN	Оман	OM	Швейцария	CH
Чили	CL	Индонезия	ID	Пакистан	PK	Тайвань	TW
Қытай	CN	Израиль	IL	Панама	PA	Тайланд	TH
Колумбия	CO	Италия	IT	Парагвай	PY	Түркия	TR
Конго	CG	Ямайка	JM	Филиппин	PH	Уганда	UG
Коста-Рика	CR	Жапония	JP	Польша	PL	Украина	UA
Хорватия	HR	Кения	KE	Португалия	PT	АҚШ	US
Чех		Кувейт	KW	Румыния	RO	Уругвай	UY
Республикасы	CZ	Ливия	LY	Ресей		Өзбекстан	UZ
Дания	DK	Люксембург	LU	Федерациясы	RU	Вьетнам	VN
Эквадор	EC	Малайзия	MY	Сауд Арабиясы	SA	Зимбабве	ZW
Мысыр	EG	Мальдив	MV	Сенегал	SN		
Сальвадор	SV	Мексика	MX				
Эфиопия	ET						

Тіл кодтарының тізімі

Бұл тізімді келесі бастапқы параметрлер үшін қалаған тілді енгізу үшін пайдаланыңыз:
[Disc Audio], [Disc Subtitle] және [Disc Menu].

Тіл	коды	Тіл	коды	Тіл	коды	Тіл	коды
афар	6565	француз	7082	литван	7684	синдхи	8368
африкаанс	6570	фриз	7089	македон	7775	сингал	8373
албан	8381	галисия	7176	малагаси	7771	словак	8375
амхар	6577	грузин	7565	малай	7783	словен	8376
араб	6582	неміс	6869	малаялам	7776	испан	6983
армян	7289	грек	6976	маори	7773	судан	8385
ассам	6583	гренланд	7576	маратхи	7782	суахили	8387
аймара	6588	гуарани	7178	молдован	7779	швед	8386
әзірбайжан	6590	гуджарати	7185	монғол	7778	тагалог	8476
башқұрт	6665	хауса	7265	науру	7865	Тіл коды	
баск	6985	иврит	7387	непали	7869	тәжік	8471
бенгал; бангла	6678	хинди	7273	норвег	7879	тамил	8465
бутан	6890	венгр	7285	ория	7982	телугу	8469
бихар	6672	исланд	7383	панджаби	8065	тай	8472
бретон	6682	индонезия	7378	пушту	8083	тонга	8479
болгар	6671	интерлингва	7365	парсы	7065	түрік	8482
бирма	7789	ирланд	7165	поляк	8076	түрікмен	8475
белорус	6669	итальян	7384	португал	8084	тви	8487
қытай	9072	жапон	7465	кечуа	8185	украин	8575
хорват	7282	каннада	7578	реторман	8277	урду	8582
чех	6783	кашмири	7583	румын	8279	өзбек	8590
дат	6865	қазақ	7575	орыс	8285	вьетнам	8673
нидерланд	7876	қырғыз	7589	самоа	8377	волапюк	8679
ағылшын	6978	корей	7579	санскрит	8365	валлий	6789
эсперанто	6979	курд	7585	гель (Шотландия)	7168	волоф	8779
эстон	6984	лаос	7679	серб	8382	кхоса	8872
фарер	7079	латын	7665	серб-хорват	8372	идиш	7473
фиджи	7074	латыш	7686	шона	8378	йоруба	8979
фин	7073	лингала	7678			зулу	9085

Сауда белгілер мен лицензиялар



Blu-ray Disc™, Blu-ray™, Blu-ray 3D™, BD-Live™ және BONUSVIEW™ логотиптері Blu-ray диск ассоциациясының сауда белгісі болып табылады.



Java және барлық Java негізіндегі сауда белгілері және логотиптер – Sun Microsystems, Inc. компаниясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.



HDMI, the HDMI логотипі және High-Definition Multimedia Interface – HDMI licensing LLC компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.



Dolby Laboratories компаниясының лицензиясы бойынша жасап шығарылған. Dolby және қос-D таңбалары Dolby Laboratories компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.



АҚШ Патентінің лицензиясы бойынша өндірілген: 5,451,942; 5,956,674; 5,974,380; 5,978,762; 6,226,616; 6,487,535; 7,212,872; 7,333,929; 7,392,195; 7,272,567 және басқа. және дүниежүзілік шығарылған және күтудегі патенттер бойынша жасап шығарылған. DTS және Symbol тіркелген сауда белгілері болып табылады, & DTS-HD, DTS-HD Master Audio | Essential және DTS logos белігері DTS, Inc. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады. Өнім бағдарламаны қамтиды. © DTS, Inc. Барлық құқықтар қорғалған.



«DVD Logo» – DVD Format/Logo Licensing Corporation компаниясының сауда белгісі болып табылады.



DLNA®, the DLNA Logo және DLNA CERTIFIED® – Digital Living Network Alliance ұйымының сауда белгілері, қызмет белгілері немесе куәліктендіру белгілері.

«x.v.Colour» – Sony Corporation компаниясының сауда белгісі.



«AVCHD» және the «AVCHD» логотипі – Panasonic Corporation компаниясының және Sony Corporation компаниясының сауда белгісі.



DivX®, DivX Certified® және байланысты логотиптер DivX, Inc. компаниясының сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады.

Аудио шығыстың сипаттамалары

Көз Ұяшық/ параметр	Аналог 2CH шығысы	Digital Output (SPDIF) (DIGITAL AUDIO OUT) *4		
		PCM Stereo	DTS Re-encode*3 *5	Primary Pass-Thru
Dolby Digital	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS	Dolby Digital
Dolby Digital Plus	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS	Dolby Digital
Dolby TrueHD	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS (2ch)	Dolby Digital
AAC	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS	AAC
DTS	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS	DTS
DTS-HD	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS	DTS
Linear PCM 2ch	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS	PCM 2ch
Linear PCM 5.1ch	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS	PCM 2ch
Linear PCM 7.1ch	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS	PCM 2ch

Көз Ұяшық/ параметр	HDMI OUT			
	PCM Stereo	PCM Multi-Ch *3	DTS Re-encode*3 *5	Primary Pass-Thru *1 *2 *3
Dolby Digital	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS	Dolby Digital
Dolby Digital Plus	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS	Dolby Digital Plus
Dolby TrueHD	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS (2ch)	Dolby TrueHD
AAC	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS	AAC
DTS	PCM 2ch	PCM 5.1ch	DTS	DTS
DTS-HD	PCM 2ch	PCM 7.1ch	DTS	DTS-HD
Linear PCM 2ch	PCM 2ch	PCM 2ch	DTS	Linear PCM 2ch
Linear PCM 5.1ch	PCM 2ch	PCM 5.1ch	DTS	Linear PCM 5.1ch
Linear PCM 7.1ch	PCM 2ch	PCM 7.1ch	DTS	Linear PCM 7.1ch

*1 [Digital Output (SPDIF)] or [HDMI] опциясы[Primary Pass-Thru] деп орнатылған болса, қосымша және интерактивті дыбыс қосылмауы мүмкін. (LPCM кодекінен басқа : шығыс әрқашан интерактивті және қосымша дыбысты қамтиды.)

*2 Бұл ойнатқыш тіпті [HDMI] опциясы [Primary Pass-Thru] деп орнатылған болса да, HDMI дыбысын қосылған HDMI құрылғының дешифрлау мүмкіндігіне сәйкес автоматты түрде таңдайды.

*3 [HDMI] опциясының [PCM Multi-CH]/ [Primary Pass-Thru] параметрлерін және [Digital Output (SPDIF)] опциясының [DTS re-encode] параметрлерін бірге орнатуға болмайды. Оларды бірге орнатсаңыз, [HDMI] немесе [Digital Output (SPDIF)] опциясы автоматты түрде [PCM Stereo] деп орнатылады.

*4 PCM дыбысы шыққанда, DIGITAL AUDIO OUT үлгі жиілігі 96 кГц-пен шектеледі.

*5 Егер [HDMI] немесе [SPDIF] опциясы [DTS re-encode] етіп орнатылса, дыбыс шығысы 48 кГц және 5.1 арнаға дейін шектеледі. Егер [HDMI] немесе [Digital Output (SPDIF)] параметрі [DTS re-encode] етіп орнатылса, DTS қайта кодталған дыбыстық сигнал BD-ROM дискілері үшін шығарылады да, бастапқы дыбыс сигналы басқа дискілер (мысалы, [Primary Pass-Thru]) үшін шығарылады.

• Егер HDMI OUT ұяшығы теледидарға жоғары жылдамдықты HDMI™ кабелі арқылы қосылған болса және Dolby Digital Plus/Dolby TrueHD HDMI OUT ұяшығы арқылы шығарылса, DIGITAL AUDIO OUT ұяшығы «PCM 2ch» деп шектеледі (HDMI және DIGITAL AUDIO OUT) бір уақытта

қосылғанда).

- Ойнату кезінде дыбыс MP3/WMA файлы үшін PCM 48 кГц/16 бит және дыбыстық ықшам диск үшін PCM 44,1кГц/16 бит ретінде шығарылады.
- [Setup] мәзіріндегі [Digital Output (SPDIF)], [HDMI] және [Sampling Freq.] опцияларын пайдаланып сандық дыбыс шығысын және күшейткішіңіз (немесе AV қабылдағыш) қабылдайтын максималды тарату жиілігін таңдау керек (26 бетін қараңыз).
- Сандық аудио қосылымда (DIGITAL AUDIO OUT немесе HDMI), Disc Menu түймешірі, [Digital Output (SPDIF)] немесе [HDMI] опциясы [Primary Pass-Thru] деп орнатылған болса, BD-ROM дыбыстары естілмеуі мүмкін.
- Егер сандық шығыстың дыбыстық пішімі қабылдағыштың мүмкіндіктеріне сай болмаса, қабылдағыш күшті, бұрмаланған дыбысты тудырады немесе ешбір дыбыс тудырмайды.
- Сандық қосылым арқылы мульти-арналы кеңістікті дыбысты тек қабылдағыш сандық мульти-арналы декодермен жабдықталған болса алуға болады.

Сипаттамалар

Жалпы	
Қуат талаптары	Артқы панельдегі негізгі белгіге қараңыз.
Электр қуатының қолданылымы	16 Вт
Кеңейтімдері (Е x Б x Д)	Шамамен 430 x 45 x 190 мм
Таза салмақ (шамаме)	1.6 кг
Жұмыс температурасы	5 °C - 35 °C
Іске қосу ылғалдығы	5 % - 90 %

Шығыстар	
VIDEO OUT	1,0 V (p-p), 75 Ω, үнд. теріс, RCA ұяшығы x 1
HDMI OUT (бейне/дыбыс)	19 істікті (A түрі, HDMI™ Connector)
ANALOG AUDIO OUT	2,0 Vrms (1 кГц, 0 дБ), 600 Ω, RCA ұяшығы (L, R) x 1
DIGITAL AUDIO OUT (OPTICAL)	3 В (p-p), оптикалық ұяШЫҚ x 1

Жүйе	
Лазер	Жартылай өткізгіш лазер
толқын ұзындығы	405 нм / 650 нм
Сигнал жүйесі	Стандартты NTSC/ PAL түсті ТД жүйесі
Жиілік жауабы	20 Гц - 20 кГц (48 кГц, 96 кГц, 192 кГц тарату)
Сигнал-шу қатынасы	90 дБ-ден аса (ANALOG OUT қосқыштары ғана)
Гармониялық бұрмалану	0,02%-дан азырақ
Динамикалық ауқым	95 дБ-дан артық
LAN порты	Ethernet ұяшығы x 1, 10BASE-T / 100BASE-TX
Шинаның қуат қамтуы (USB)	DC 5 V $\equiv$ 500 mA

- Дизайн мен сипаттамалары ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету

Құрылғыны пайдалану

Құрылғыны тасымалдаған кезде

Бастапқы жеткізу картонын немесе орауыш материалын сақтап қойыңыз. Егер құрылғыны тасымалдау керек болса, өте жоғары қорғаныс үшін құрылғыны зауытта қапталғандай етіп қайта ораңыз.

Сыртын таза ұстау

- Құрылғы жанында инсектицид спрейі сияқты буланғыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз.
- Қатты күш салып сүрту сыртқы қабатын зақымдауы мүмкін.
- Резеңке немесе пластмасса өнімдердің құрылғыға ұзақ жанасып тұруына жол бермеңіз.

Құрылғыны тазалау

Құрылғыны тазалау үшін құрғақ шүберек қолданыңыз. Егер беткейлері қатты лас болса, жұмсақ жуғаш құралмен аздап суланған жұмсақ шүберекті қолданыңыз. Спирт, бензин немесе араластырғыш сияқты күшті ерітінділер қолданбаңыз, олар құрылғының беткейін зақымдауы мүмкін.

Құрылғыға күтім көрсету

Бұл құрылғы жоғары технологиялы дәл құрылғы. Егер оптикалық линзалар және дискенгізгі бөлшектері лас немесе тозған болса, сурет сапасы төмендейді. Толық мәлімет алу үшін жақын маңдағы өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Дисктер туралы ескерімдер

Дисктерді пайдалану

Дискінің ойнатылатын жағына қол тигізбеңіз. Дискнің беткейінде саусақ іздері қалмауы үшін оның жиектерінен ұстаңыз. Дискке қағаз немесе таспа жапсырмаңыз.

Дисктерді сақтау

Ойнату аяқталғаннан кейін дискті қорапшасында сақтаңыз. Дискті күн тікелей түсетін немесе температурасы жоғары жерлерде сақтамаңыз немесе тұраққа қойылған, яғни күн тікелей түсетін көлік ішінде қалдырмаңыз.

Дисктерді тазалау

Дисктегі саусақ іздері және шаң нашар сурет сапасына және дыбыстың бұрмалануына әкелуі мүмкін. Ойнату алдында дискті таза шүберекпен тазалаңыз. Дискіні ортасынан сыртқа қарай сүртіңіз.

Алкоголь, бензин, сұйылтқыш, еркін сатылымдағы тазалағыш құралдар немесе ескі винилді таспаларға арналған антистатикалық спрей сияқты қатты еріткіштерді пайдаланбаңыз.

Желілік қызметтерге қатысты маңызды ақпарат

Кез келген үшінші тарап (әрқайсысы «Қызмет провайдері») арқылы берілген немесе қол жетімді етілген бүкіл ақпарат, деректер, құжаттар, байланыстар, жүктеулер, файлдар, мәтін, сурет, фотосуреттер, сызбалар, бейнелер, вебкасттар, жарияланымдар, құралдар, ресурстар, бағдарлама, код, бағдарламалар, апплеттер, виджеттер, қолданбалар, өнімдер және басқа мазмұн («Мазмұн») және барлық қызметтер мен ұсыныстар тек оларды жасаған Қызмет провайдерінің жауапкершілігі болып табылады.

Қызмет провайдері LGE құрылғысы арқылы қамтамасыз ететін Мазмұны мен Қызметтерінің қол жетімділігі мен қатынасу кез келген уақытта ескертусіз өзгеруі, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Мазмұнның немесе Қызметтердің бүкіл немесе кез келген бөлігі уақытша тоқтатылуы, жойылуы немесе тоқтатылуы мүмкін.

Егер сізде Мазмұнға немесе Қызметтерге қатысты қандай да сұрақ немесе мәселе пайда болса, ең жаңа ақпаратты Қызмет провайдерінің веб-торабында қарауға болады. LGE компаниясы Мазмұнға және Қызметтерге қатысты тұтынушы қызметіне жауапты емес. Мазмұнға немесе Қызметтерге қатысты кез келген сұрақты немесе сұрауды тікелей сәйкес Мазмұн және Қызмет провайдерлеріне жіберу керек.

LGE компаниясы Қызмет провайдері беретін ешбір Мазмұнға немесе Қызметтерге немесе мұндай Мазмұнға немесе Қызметтерге енгізілген ешбір өзгертулерге, жоюға немесе тоқтатуға жауапты емес екенін және мұндай Мазмұнның немесе Қызметтердің қол жетімділігіне немесе оларға қатынасуға кепілдік бермейтінін ескеріңіз.

